

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



**Мира БАЛТЫМОВА**  
Zhubanov University  
Директорлар кеңесінің  
корпоративтік хатшысы  
филология  
ғылымдарының  
кандидаты  
қауымдастырылған  
профессор  
шығыстанушы  
Ақтөбе қалалық  
мәслихатының  
депутаты

4-5 66

## Депутат-ғалым

Осы санда



ҚАЗЫНАЛЫ  
ZHUBANOV  
ШАҢЫРАҒЫНАН  
ТУҒАН ЖЕРГЕ ЗОР  
АБЫРОЙМЕН  
АТТАНДЫ

8-11 66



ЗЕЙНЕТАҚЫ  
САЛЫМЫН  
ШЕШУ ҚҰҚЫҒЫ

12-13 66



ДВАЖДЫ  
ЛУЧШИЙ

7-стр

## ☑ Басты жаңалықтар

## ☑ Главные новости

## ☑ Main news

### МАТЕМАТИК ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Zhubanov University университетінің дарабоз ұстазының бірі, ҚР білім беру саласының үздігі, профессор Жеткербай Қайдасов Қазақстан білім беру саласының көшбасшысы атағын алды. Оған бұл марапат Эл-



басы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын педагогтар арасында кең насихаттағаны үшін берілді.

Математик Жеткербай Қайдасов геометрия саласын бүге-шүгесіне дейін зерттеп жүрген ғалым. Осы саладағы 100-ге жуық ғылыми, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік еңбектері «Вестник МГУ», «Математические заметки», «Фундаментальная и прикладная математика», «Поиск», «Қазақстан мектебі», «Математика және физика» журналдарында жарияланған. Ең алғаш еліміз бойынша геометрия саласында Thomson Reuters базасындағы журналға енген мақала авторы Жеткербай Қайдасов болған. «Қызмет жолымда ғылыммен айналысуды өзіме мақсат етіп қойдым. Елімізде сол жылдары геометрия саласын зерттеп жүрген ғалымдар саусақпен санарлық қана болатын. Сондықтан 1980 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің «Геометрия және топология» мамандығы бойынша аспирантурасына қабылданып, диссертациямды дайындау үшін Мәскеу мемлекеттік университетіне жіберілдім. 1987 жылы «О регулярном изометрическом погружении в E3 некоторых некомпактных частей плоскости Лобачевского» тақырыбында «Геометрия и топология» мамандығы бойынша В.И.Ленин атындағы ММПИ-дің арнайы кеңесінде кандидаттық диссертациямды қорғадым. 2000 жылы «елге оралайық» деген мақсатпен Ақтөбе қаласына келіп, Жұбанов университетіне жұмысқа орналастым. 2000-2004 жылдары қызмет атқарып, «Алгебра және дифференциалдық теңдеулер кафедрасында» доцент, профессор академиялық атағы берілді. 2004 жылдан кейін жұбайымның жұмыс барысымен еліміздің басқа қалаларына қоныс аудардық та, 2011 жылы елге қайтып, қазір осы университетте жұбайым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әсет Кенесбекқызы екеуіміз шәкірт тәрбиелеу ісіне өз үлесімізді қосып келеміз», — дейді Ж.Қайдасов өмір жолын еске алып. Ол геометрияға бала

кезінен қызығыпты. «Ол кезде фигураларды қолмен, қарындашпен салатынбыз. Саз балшықтан формаларды жасайтын едік. Мектепте оқыл жүрген кезімде, 1968 жылы «Математика және математиктер жайлы әңгімелер» деген Мыңбай Ысқақовтың кітабы қолыма түсті. Автор кітапты әңгіме сияқты өте қызықты етіп жазған. Сол кезден бастап математикаға деген қызығушылығым одан сайын арта түсті. Кейін студент кезімде сол кісіден дәріс алдым, менің ұстазым болды. Бұл мен үшін үлкен бақыт болатын», — деп жалғастырады өз ойын математик. Профессор Жеткербай Қайдасов геометрия саласын зерттеу барысында оқулықтар жазған. 2005 жылдан бастап жазған оқулықтары ҚР Білім және ғылым министрлігінің бекітумен жалпы білім беретін мектептердің оқу жүйесіне енді. Сол жылдары 10-11 сынып оқушылары оқи бастады. Кейін 2007 жылдан бастап 7-8-9 сыныптардың оқулықтары жазылып, оқытылды. Ж.Қайдасов осы негізгі оқулықтардың авторлар құрамының жетекшісі болды. «Оқулық автордың ойдан жазатын шығармасы емес, осыған дейін жазылған дүниелерді іріктеу, ең керек деген ақпараттарды сауатты түрде бір-бірімен ұштастыра білу керек. Жұмыстан тыс уақытта электрондық оқулық жасаумен де айналысқан кездерім болды. «Геометрия.7-8» деген қазақ тілінде электрондық оқулық жасадым. Бұл оқулықтың ішінде үйретуші және бағалайтын тесттер болды. Ондағы мақсат белгілі бір себептермен сабаққа қатыса алмайтын жағдайда оқушылар электрондық оқулықты пайдаланып, өз бетінше дайындала алатындай мүмкіндік туғызу болатын. Жалпы геометрия саласы елімізде өлді де болса зерттеуді қажет ететін, дамытатын ғылым саласы. Көбінесе геометрияның математиканың тасасында қалып қойып жататыны жасырын емес. Оның негізі мектептен қалануы керек. Айналамыздың бәрі толып тұрған геометрия», — дейді ғалым.

### МАТЕМАТИК - ЛИДЕР В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА

Одному из лучших преподавателей Zhubanov University, отличнику образования Республики Казахстан, профессору Жеткербаю Кайдасову присвоено звание лидера образования Казахстана. Он был удостоен этой награды за широкое продвижение среди педагогов программной статьи Президента Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Математик Жеткербай Кайдасов - ученый, детально исследующий область геометрии. Около 100 научных, научно-методических, учебно-методических работ и статей в этой области опубликованы в журналах «Вестник МГУ», «Математические заметки», «Фундаментальная и прикладная математика», «Поиск», «Школа Казахстана», «Математика и физика». Жеткербай Кайдасов был первым в стране автором статьи в области геометрии, вошедшей в журнал базы Thomson Reuters. «В течение своей карьеры я поставил перед собой цель заниматься наукой. В те годы в нашей стране было всего несколько ученых, изучающих геометрию. Поэтому в 1980 году меня приняли в аспиранту-

ру Казахского государственного университета им. С.М. Кирова по специальности «Геометрия и топология» и направили в МГУ для подготовки диссертации. В 1987 году защитил диссертацию на тему «О регулярном изометрическом погружении в E3 некоторых некомпактных частей плоскости Лобачева» на специальном совете МГПИ им. В. И. Ленина по специальности «Геометрия и топология». В 2000 году я приехал в Актөбе и устроился на работу в Zhubanov University. С 2000 по 2004 год работал на кафедре алгебры и дифференциальных уравнений, получил ученые звания доцента, профессора. В 2004 году по работе супруги переехали в другие города страны, а в 2011 году вернулись. Теперь мы с женой, доктором педагогических наук, профессором, Аспет Кенесбековной, участвуем в обучении студентов в Актөбинском государственном университете. имени К. Жубанова», - вспоминает Ж. Кайдасов. С детства он интересовался геометрией. «В то время мы рисовали фигуры вручную карандашом, лепили их из глины. Когда я учился в школе, в 1968 году, мне попалась книга Мынбая Искакова «Математика и рассказы о математиках». Книга автор написал очень интересно, как рассказ. С тех пор мой интерес к математике еще больше возрос. Когда я стал студентом, я брал у Искакова уроки, он стал моим учителем. Для меня это было большим счастьем», - сказал математик. Профессор Жеткербай Кайдасов написал учебники по геометрии. С 2005 года они были и утверждены МОН РК. В те годы по учебникам начали учиться ученики 10-11 классов. Позже, в 2007 году, были написаны и преподавались учебники для 7-8-9 классов. Ж. Кайдасов был главой авторов этих базовых учебников. «Учебник - это не выдумка автора, нужно отбирать то, что было написано ранее, чтобы уметь грамотно совмещать самую важную информацию. Были времена, когда я работал над электронным учебником вне работы. Был выпущен электронный учебник «Геометрия 7-8» на казахском языке. В него были включены обучающие и оценочные тесты. Цель заключалась в том, чтобы дать учащимся возможность использовать электронный учебник для самостоятельной подготовки, если нет возможности посещать занятия по какой-либо причине. Общая геометрия - это отрасль науки, которую еще нужно изучать и развивать в стране. Не секрет, что в математике геометрия часто остается позади. Основы её должны закладываться в школе. Геометрия окружает нас повсюду», - поделился ученым.

### MATHEMATICIAN IS A LEADER IN THE FIELD OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN

One of the best teachers at Zhubanov University, an excellent student of education of the Republic of Kazakhstan, Professor Zhetkerbay Kaidasov was awarded the title of the leader of education in Kazakhstan. He was awarded this award for the broad promotion among teachers of the program article of President Nursultan Nazarbayev «Looking into the future: modernization of public consciousness.»

Mathematician Zhetkerbay Kaidasov is a scientist who studies in detail the field of geometry. About 100 scientific, methodological, educational works and articles in this area have been published in the journals Vestnik MGU, Mathematical Notes, Fundamental and Applied Mathematics, Search, School of Kazakhstan, Mathematics and Physics Zhetkerbay Kaidasov was the country's first author of an article in the field of geometry, included in the journal of the Thomson Reuters database. «During my career, I set myself the goal of doing science. In those years in our country there were only a few scientists studying geometry. Therefore, in 1980 I was admitted to the graduate school of the Kazakh State University a degree in Geometry and Topology and was sent to Moscow State University with CM.Kirov to prepare a dissertation. In 1987 he defended his dissertation on the topic «Regular isometric immersion in E3 of some non-compact parts of the Lobachev plane» at a special council of the Moscow State Pedagogical Institute with VI Lenin a degree in Geometry and Topology. In 2000, I came to Aktobe and got a job at Zhubanov University. From 2000 to 2004 he worked at the Department of Algebra and Differential Equations, received the academic titles of associate professor, professor. In 2004, for work, the couple moved to other cities in the country, and returned in 2011. Now with my wife, doctor of pedagogical sciences, professor, doctor of pedagogical sciences Aspet Kenesbekovna, are participating in teaching students at Aktobe State University named K.Zhubanov», - recalls Zh. Kaidasov. From childhood he was interested in geometry. «At that time we drew figures by hand with a pencil, molded them from clay. When I was in school, in 1968, I came across Mynбай Iskakov's book «Mathematics and Stories about Mathematicians». The author wrote the book in a very interesting way, like a story. Since then, my interest in mathematics has grown even more. When I became a student, I took lessons from Iskakov, he became my teacher. It was a great happiness for me», - said the mathematician. Professor Zhetkerbay Kaidasov wrote textbooks on geometry. Since 2005, they have been approved by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. In those years, students of grades 10-11 began to study from textbooks. Later, in 2007, textbooks for grades 7-8-9 were written and taught. J. Kaidasov was the head of the authors of these basic textbooks. «The textbook is not an invention of the author, you need to select what was written earlier in order to be able to correctly combine the most important information. There were times when I worked on an electronic textbook outside of work. An electronic textbook «Geometry 7-8» was published in Kazakh. It included training and assessment tests. The goal was to enable students to use the electronic textbook for self-study if they are unable to attend classes for any reason. General geometry is a branch of science that still needs to be studied and developed in the country. It's no secret that geometry is often left behind in mathematics. Its foundations must be laid at school. Geometry surrounds us everywhere, "the scientist said.

☑ **Басты жаңалықтар**

☑ **Главные новости**

☑ **Main news**

**ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН АҚШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ИНАУГАРАЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ**

Мерекелік шара online форматында өтті. Концертте Димаш қазақтың халық әні «Самалтауды» орындады. Инаугурациялық мерекені ұйымдастырушы «Sister Cities International» компаниясының өкілі Dean Suozzi-Auberry өзінің InfoArtit JK (АҚШ) каналына берген сұхбатында:

— Неге Димаш Құдайберген, ол кісіні қандай қасиеттеріне байланысты таңдадыңыздар? - деген сұрағына:



— Әлемге белгілі әншілердің арасынан жан-жақты зерттей келе таңдауымыз Димаш Құдайбергенге түсті. Себебі, Димаш — ұлтын сүйетін азамат, бойында адамдық құндылықтың қазынасы бар тұлға. Ол әлемдік бейбітшіліктің символы іспетті. Оны әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар жақсы көреді. Біздің ойымызша ол саясаттан биік тұлға. Өзінің өнімен, тамаша даусымен тілі бөлек, танымы бөлек миллиардтаған жандардың жүрегіне жол тапқан нағыз өнерпаз, әлем елшісі деуге болады. Екіншіден, Орта Азиядағы мемлекеттермен қарым-қатынасымыз жақсы, Қазақстанмен де тығыз байланыстамыз. Бұл жақындығымызды оданда ары жақындата түскіміз келеді. «Самалтау» әні ұлтын сүйген, тыныштықты аңсаған, жанұясының бақытты ғұмыр кешкенін армандаған жанның әні. Тарихи ән. Біз сондықтан осы әнді таңдадық, — деді.

Инаугурация апталығына губернатор Билл Аноабутти, Жозефина Биверс, генерал-майор Армандо Кабада, конгрессвумен Элеонора Холмс Нортон, майор Тим Келлер, сенатор Боб Менендес, АҚШ жаяу теңіз оркестрі, Кэрол Робертсон Лопес сияқты танымал спикерлер мен орындаушылар қатысты. АҚШ-тың жоғары дәрежелі саяси-мәдени шарасына қазақ елінің өкілінің қатысуы тарихта бірінші рет.

Димаш Құдайберген сондай-ақ әлемдік пандемияға байланысты жеке концертін тұңғыш рет online жүйесінде өткізді. Әнші онда алты тілде ән шығарды. Концертті 100-ден астам елдің тұрғындары көрді. Тіх америкалық стримингтік платформа-сы өкілдерінің айтуынша шетелдік орындаушының концертіне билеттер осындай жоғары көрсеткішпен сатылғаны алғаш рет орын алыпты.

— Менің алғашқы online-концертіме қатысып, қолдау көрсеткендердің барлығына үлкен рақмет! Пандемия бізді ұзақ уақыт бойы жүздестірмегені өте өкінішті. Бүгін сіздердің алдарыңызда өнер көрсеткеніме қуаныштымын. Мен сіздерді көрмесем де жаным барлық қолдауларыңызды сезінді. Сіздер ерқашан мені шабыттандырасыздар және жаңа жетістіктерге күш бересіздер! Бүгінгі шоуды толық тамашаладыңыздар деген сенімдемін. Біз сіздермен өте жақын арада кездесеміз деп үміттенемін, — деді Димаш концерт барысында.

**ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В ИНАУГАРАЦИИ ПРЕЗИДЕНТА США**

Мероприятие проходило онлайн. На концерте Димаш исполнил казахскую народную песню «Самалтау».

Представитель компании Sister Cities International, организовавшей инаугурацию, Dean Suozzi-Auberry в интервью InfoArtit JK (США) на вопрос: «Почему Димаш Кудайберген, по каким качествам вы его выбрали?» — ответил: «Пос-

ле тщательного исследования всемирно известных певцов, нашим выбором стал Димаш Кудайберген. Димаш - настоящий патриот, человек с высокими внутренними ценностями. Он как символ мира во всем мире. Его любят в разных уголках земли. На наш взгляд, он выше политики. Своими песнями и красивым голосом, он словно посол мира, нашел путь в сердца миллиардов людей с разными языками и разными познаниями. Вторых, у нас хорошие отношения со странами Центральной Азии и тесные связи с Казахстаном. Мы хотим их развивать. Песня «Самалтау» - о человеке, любящим свой народ, стремящимся к миру и мечтающий о счастливой жизни его семьи. Историческая песня. Вот почему мы ее выбрали», - сказал американец.

В инаугурационной неделе приняли участие губернатор Билл Аноабутти, Жозефина Биверс, генерал-майор Армандо Кабада, конгрессвумен Элеонора Холмс Нортон, майор Тим Келлер, сенатор Боб Менендес, Корпус морской пехоты США, Кэрол Робертсон Лопес. Впервые в истории резидент из Казахстана принял участие в политическо-культурном мероприятии высокого уровня в США. В связи с пандемией Димаш Кудайберген дал свой первый online-концерт. Певец исполнил песни на шести языках. В концерте приняли участие зрители более 100 стран мира. По данным американской стриминговой платформы Тіх, такие высокие показатели продаж билетов на концерт иностранного артиста они отмечают впервые.

«Большое спасибо всем, кто принял участие в моем первом online-концерте и поддержал меня! Жаль, что пандемия стала причиной долгой разлуки с зрителями. Я рад выступить перед вами сегодня. Хотя я не видел вас, моя душа чувствовала огромную поддержку. Вы всегда меня вдохновляете на новые свершения! Уверен, вам понравится сегодняшнее шоу. Я надеюсь на скорую встречу», сказал Димаш в ходе концерта.

**DIMASH KUDAIBERGEN TOOK PART IN THE INAUGURATION OF THE US PRESIDENT**

The event took place online. At the concert, Dimash performed the Kazakh folk song «Samaltau». The representative of the company Sister Cities International, which organized the inauguration, Dean Suozzi-Auberry, in an interview with InfoArtit JK (USA) to the question: «Why Dimash Kudaibergen, for what qualities did you choose him?» «After a thorough research of world famous singers, Dimash Kudaibergen was our choice. Dimash is a true patriot, a person with high inner values. He is as a symbol of world peace. He is loved in different parts of the world. In our opinion, he is above politics. With his songs and beautiful voice, he, like an ambassador of peace, found a way into the hearts of billions of people with different languages and different knowledge. Secondly, we have good relations with the countries of Central Asia and close ties with Kazakhstan. We want to develop them. The song «Samaltau» is about a man who loves his people, strives for peace and dreams of a happy life for his family. Historical song. That's why we chose her, «said the American. Inaugural week was attended by Governor Bill Anoabutti, Josephine Beavers, Major General Armando Kabada, Congresswoman Eleanor Holmes Norton, Major Tim Keller, Senator Bob Menendez, US Marine Corps, Carol Robertson Lopez. For the first time in history, a resident from Kazakhstan took part in a high-level political and cultural event in the United States.

In connection with the pandemic, Dimash Kudaibergen gave his first online concert. The singer sang songs in six languages. The concert was attended by spectators from over 100 countries of the world. According to the American streaming platform Tіх, this is the first time they celebrate such high sales of tickets for a concert of a foreign artist. «Many thanks to everyone who took part in my first online concert and supported me! It is a pity that the pandemic caused a long separation from the audience. I am glad to speak in front of you today. Although I did not see you, my soul felt great support. You are always inspire me to new achievements! I am sure you enjoyed today's show. I hope to see you soon, «said Dimash during the concert.

**БІР СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ - МИЛЛИОН ДОЛЛАР**

АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында тұратын миллионер Роберт Бигелу өз кызықтырағын бір сұрақтың жауабын миллион долларға бағалап отыр. Ол неврология және психология саласында зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдарға арнап эссе байқауын жариялады. Байқау шарты бойынша «өлімнен кейін өмір бар ма?» деген сұраққа ең дәлелді жауап алынуы тиіс. Байқау жұмыстарын Роберт Бигелу арнайы медицина мамандарымен және өзге ғалымдармен бірге бағалайтын болады. Эссе 25 мың сөзден артық болмауы тиіс. Жұмыстарды қабылдайтын соңғы күн 2021 жылдың 1-ші тамызы. Жеңімпаздың есімі 1-қарашада белгілі болады. Budget Suites of America өмірінің желісін иесі Роберт Бигелудің жасы 75-те. Ол 1945 жылы туған. Бала кезінен ғарыш әлеміне құмартыпты. Мультимиллионер инопланетяндардың бар екеніне кәміл сенеді. Себебі ата-әжесі оларды өз көзімен көрген. Роберт Бигелу инопланетяндарды зерттеуге миллион қаражат құйған АҚШ-тағы бірден бір адам. 1999 жылы Роберт Бигелу Лас-Вегаста Bigelow Aerospace ғарыш компаниясының негізін салды. Компания орбитада ірі ғарыш станциясын салуға мүмкіндік беретін модульдерді өңдеумен айналысады. Ол өз бастан Халықаралық ғарыш станциясы үшін NASA қолданған TransHab кейітілген модульді жобалау технологиясына лицензия сатып алған.

**ОТВЕТ НА ОДИН ВОПРОС - МИЛЛИОН ДОЛЛАРОВ**

Роберт Бигелу, мультимиллионер, живущий в Лас-Вегасе США, оценил ответ на один из своих вопросов в миллион долларов. Конкурс эссе он организовал для ученых в области неврологии и психологии. Победителем станет давший самый убедительный ответ на вопрос «Есть ли жизнь после смерти?». Оценивать работы Роберт Бигелу будет вместе с медицинскими работниками и другими учеными. Объем эссе не должен превышать 25 тысяч слов. Срок сдачи работ - 1 августа 2021 года. Победителя объявят 1 ноября. Роберту Бигелу, владельцу сети отелей Budget Suites of America, 75 лет. Он родился в 1945 году. С ранних лет увлекался космосом. Мультимиллионер убежден в существовании инопланетян, потому что его бабушка и дедушка видели их собственными глазами. Роберт Бигелу вложил миллионы в изучение инопланетян. В 1999 году Роберт основал космическую компанию Bigelow Aerospace в Лас-Вегасе. Компания разрабатывает модули, которые позволят построить на орбите большую космическую станцию. Первоначально он купил лицензию на технологию для разработки расширенного модуля TransHab, используемого NASA для Международной космической станции.

**THE ANSWER TO ONE QUESTION IS A MILLION DOLLARS**

Robert Bigelow, a multi-millionaire living in Las Vegas USA, estimated the answer to one of his questions at a million dollars. He organized an essay competition for the sympathetic in the field of neurology and psychology. The winner will be the one who gave the most convincing answer to the question «Is there life after death?» Robert Bigelow will be evaluating the essay with medical professionals and other scientists. The length of the essay should not exceed 25 thousand words. Completion date - August 1, 2021. The winner will be announced on November 1st. Robert Bigelow, owner of the Budget Suites of America, is 75 years old. He was born in 1945. From an early age he was fond of space. The multimillionaire is convinced of the existence of aliens because his grandparents saw them with their own eyes. Robert Bigelow has invested millions in the study of aliens. In 1999, Robert founded the Bigelow Aerospace space company in Las Vegas. The company is developing modules to build a large space station in orbit. He originally purchased a technology license to develop the advanced TransHab module used by NASA for the International Space Station.

## ☑ Person of the month

**М**емлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы 2020 жылғы 21 қазандағы Үндеуіне сәйкес еліміздің тәжірибесінде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді, мәслихаттар сайлауы партиялық тізім бойынша өтті. Осылайша азаматтардың республиканың қоғамдық-саяси өміріне араласу мүмкіндігі кеңейді. Нәтижесінде Мәжіліс және мәслихаттардың депутаттық корпусы жаңа тұлғалармен жаңарды. Бірі — Zhubanov University Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, шығыстанушы-ғалым Мира Рашидқызы Балтымова.

Сұқбат алушы – журналист Гүлнара Қараша.

— Ақтөбе қалалық мәслихатына депутат болып сайландыңыз. Құттықтай отыра, қандай сезімде жүргеніңізді сұрасақ...

— Рақмет! Сайлауалды науқанға қатысуым 17 тамыз – 3 қазан аралығында партияшілік іріктеу – праймеризден бастау алды. Соның нәтижесінде 11-қарашада өткен «Nur Otan» партиясының Ақтөбе қалалық филиалы XXXII конференциясында дебатқа қатысып, партия атынан қалалық мәслихат депутаттығына үміткер ретінде ұсынылды. Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарының барысында «Nur Otan» партиясы Ақтөбе қалалық филиалының желілік жоспарына сәйкес ауқымды шаралар атқарылды. Партия төрағасы, Елбасымыздың басшылығымен жасалған жұмыстар өз нәтижесін беріп, сайлауда «Nur Otan» партиясы айқын басымдықпен жеңіске жетті! Бұл

тар мен бағдарлар жиынтығы «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасы – еліміздің даму реформаларының заңды жалғасы. Ақтөбе облысының Ақтөбе қаласы «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасында қаламызды дамытудың экономикалық тұрақты қала, жайлы қала, әлеуметтік бағдарланған қала, жастар үшін қала, тарихы мен мәдениеті бай қала, ашық және есеп беретін жергілікті органдар, қауіпсіз қала мәселелерін қамтыған жеті басым бағыты белгіленген. Бағдарламада алдағы бес жылда атқарылатын нақты істер жоспарланған. «Nur Otan» партиясының фракция жиналысында бағдарламаны жүзеге асырудың Жол картасы бекітілді. «Nur Otan» партиясының партия-

леу, білім беру орындарында домбыра, тоғызқұмалақ өнеріне баулу үйірмелеріне тегін қатысу мүмкіндігін жасау, жолаушылар көлігінің жиілігін арттыру т.б. әрқилы мәселелер туралы сауалдар қойды. Халық тарапынан жаңадан ашылған аудандарға көше атауларын беру, қаланы абаттандыру, ескерткіштерді қорғау, т.б. туралы ұсыныстар айтылды. Ел ағалары мен ақ жаулықты аналарымыз батасын беріп, ақ жол тіледі. Мұның барлығы да ел алдындағы қызметімізде бағдар болары сөзсіз.

— Кездесулер кезінде халықтың саяси мәдениетінде өзгерістер байқай алдыңыз ба?

— Осы жылы парламенттік оппозиция институтын құру, мәслихаттар сайлауын алғаш рет партиялық тізім бойынша өткізу туралы шаралар қабылданды. Бұл жаңа

лігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз», – деп атап өтті. Жер мен тіл мәселесі халықпен бірге жасай береді. Халықпен кездесуде латын әліпбиіне көшу мәселесі де көтерілді. Ал бұқаралық спортты дамыту – сауатты өмір салтының басты кепілі. Жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде бұл қағидалар бұлжымай орындалуы тиіс. Кез келген кездесуде осы мәселелер айтылмай қалған емес.

Бүгінгі таңда Ақтөбе қалалық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және жастар ісі бойынша тұрақты комиссиясының мүшесімін, аталған мәселелерді шешуге қатысамын.

— Депутаттардың қадірі кеткен заманда ауыр жүкті мойныңызға алдыңыз. Бұл – батылдық па, ерік-жігеріңізге деген ішкі сенім бе? Халық артқан аманат-

# Депутат-ғалым

сайлау науқанына дейін саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейтеді.

Сайлауалды үгіт-насихат науқанының желілік жұмыстар жоспарына сәйкес халықпен етене араласуға мүмкіндік туды. Олармен әлеуметтік желіде, тікелей эфирлерде сұқбаттасумен қатар, бет-бет кездесуге, көшеде сұқбаттасуға, «Есіктен есікке» акциясын және канвассинг өткізуге мүмкіндік туды. Үлкендердің ден қойып, байыппен тыңдай алатыны, жастардың жаңалыққа қызығушылығы байқалды. Жарасымсыз пікір естіген кезіміз де болды, дегенмен білгенімізді байыппен түсіндіруге тырыстық.

— Байқасақ, сайлаудан сайлауға өбден жауыр болған, түпкілікті шешімін таппай келе жатқан мәселелер көтеріле береді. Мысалы, қазақ тілі мәртебесін көтеру, бұқаралық спортты дамыту т.б. Нүкте қойылатын кез қашан туады деп ойлайсыз?

— Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бір-

тың қайсысын міндетті түрде жүзеге асыруға себепші боламын деп сенесіз?

— Алаш қайраткері Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген пікірі халық сенімін ақтаймын деген әрбірмізге артылған міндет емес пе? Осы өмірге адам болып келгеннен кейін қоғам дамуына мысқалдай болса да пайдамызды тигізуіміз қажет деп санаймын. Қай уақытта да жақсылыққа деген сенімім жоғалған емес.

2018 жылы сөйлеген сөзінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға миллион тұрғыны бар бірнеше қала керек екендігін, елдің әрбір өңірі «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыруға өз үлесін қосуы тиіс екенін, осы орайда Қазақстанға ғылымды дамыту үшін ірі агломерация қажеттігін баса айтып, осы талапқа жауап беретін Алматы мен Астанадан кейін Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды қалаларын атап өтті. Қаламыздағы халық саны 2019 жылдың соңында жарты миллионға жетті, бүгінгі таңда Ақтөбе – халық саны жағынан Қазақстан қалаларының ішінде төртінші орын алады және Батыс Қазақстандағы білім беру мен ғылымның ірі орталығы. Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауында «Аң-



партия мүшелеріне биік міндеттер жүктейді! Ендігі жерде міндетіміз – халыққа қызмет ету!

— Nur Otan партиясының Ақтөбе қалалық Сайлауалды бағдарламасын таныстыруға белсене қатыстыңыз. Тұрғындар бағдарлама мазмұнымен қаншалықты көлісті, қандай ұсыныстар мен тілектерін айтты?

— Аса ауқымды, бірақ нақты жоспарланған, қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген мақсат-

лық бақылау комитеті жанындағы комиссия мүшесі ретінде сайлауалды бағдарламаның орындалуын қадағалайтын боламыз.

Тұрғындар жер мәселесі, кезекте тұрған азаматтарға жер телімінің берілуі, мектеп кітапханашыларының мәртебесі, жастарды қолдауға бағытталған шаралар, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру мақсатында өзге ұлт өкілдеріне ана тілімізді оқыту әдістерін одан әрі жақсарту, жастарды көшбасшылыққа тәрбие-

саған сәби» арнайы бағдарламасын іске қосу арқылы демографиялық жағдайды одан әрі жақсартуға серпін берді. Осыған орай балалардың жарқын болашағын қамтамасыз ету, білім беру және ғылым саласын дамыту көрсеткіштерін жақсарту, білім беру сапасын жақ-

дай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Осы орайда Президент жанындағы Жастар кеңесінің қызметін жандандырған жөн. Оны білікті әрі білімді жастарды жұмылдыратын жүйелі жұмыс алаңына айналдырамыз. Бұдан бөлек, мен азаттық жылда-

Шындығында 2020 жылдан бастап мемлекеттік гранттық қаржыландырылатын жобалар конкурсы үш жыл емес, жыл сайын өткізілетін болды, бұл жобаларда құрамның үштен бірінің жас ғалымдар болуы талап етіледі.

Сонымен қатар жас ғалымдарға арналған мемлекеттік гранттық қаржыландырылатын жобалар конкурсы бөлек өткізіледі. Университетімізде соңғы жылдары жас мамандарды қызметке алу, оларды ғылымға баулу мақсатында PhD докторантура мамандықтары мен диссертациялық кеңестер ашылып жатыр, сонымен қатар өткен жылдан бастап ішкі ғылыми жобаларды қаржыландыру тетігі іске қосылды. Мұның барлығы да ғылыми зерттеу жұмыстарын, соның ішінде жастардың ғылыммен айналысуына жағдай жасалып жатқандығының көрінісі. Ендігі жерде жастар «Жастық шақ – даналықты меңгеруге арналған уақыт...» (Ж.Руссо) екенін ұмытпай, тың идеялар мен жаңа бастамаларын көптеп ұсынып, терең ғылыми ізденістер жүргізуі тиіс. Ғылымға құштар, идеяшыл жастар саны көп, оларға старт-ап жобаларын дайындаудың теориясы университетте үйретіледі, тәжірибе жасау үшін оқу және ғылыми зертханалары бар, шетелде оқыту үшін академиялық ұтқырлық және қосдипломды білім бағдарламалары қолданылуда, ендігі жерде нақты жобаларды жүзеге асыру практика мен қаржылай қолдауды қажет етеді, осы мақсатта өндіріс-университет байланысын одан әрі нығайту жас ғалымдарды дайындауға ықпал етеді.

Ғылыммен айналысамын деген адамға тынымсыз еңбектену керек!

**— Білетініміз, жаныңыз нәзік, мінезіңіз сабырлы. Сондай-ақ, сырт көз кәсіби шеберлігіңіз бен**

жылдан бастап Алға қаласында С.М.Киров атындағы Ақтөбе Еңбек Қызыл Ту орденді химия комбинатын салуға қатысып, 1956 жылға дейін осы комбинатта еңбек етіп, стахановшы қатарында болған. Ата-анам Рашид Жиенғалиұлы мен Тұрсын Исақызы – қырық жылдан астам саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған мұғалімдер. Бауырларым Майра, Ғалия, Айнұр да білім беру саласында қызмет етеді. Ата-анамыз біздің лайықты білім алуымызға мән берді. Хәкім Абайдың «Артық білім кітапта» дегеніне ден қойып өсірді, шындығында ақ пен қараны салмақтауды үйретті.

Әкем кішкентайымыздан күнделік жазып, әр күнімізге есеп беріп отыруға дағдыландырды. Ауыл тіршілігіне қатысты әр жыл мезгіліне сәйкес атқарылатын шаруалардың түрі де өзгеріп тұрады ғой. Төрт түлік малдың күтімі, бау-бақша дақылдарын егу, анамыздың сүттен ұлттық тағам түрлерін дайындауы секілді жұмыстар ұдайы жасалатын тіршілік талаптары арқылы отбасымызда салт-дәстүрді құрметтеуге, еңбекқорлыққа үйрендік. Ата-әжемізге барып тұру, оларды алып келу, ағайын-туыстың амаңдығын білу, олармен араласып тұру – отбасымыздағы бұлжымайтын қағида еді, бұл үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, бауырмал, ағайыншыл болып өсуімізге септігін тигізді. Отбасында эстетикалық тәрбие нәріне де қанып өстік. Үйімізге қонақтар жиі келетін, келгенде ән-жырсыз, күйсіз тарқамайтын еді. Ата-анамыздың домбыра, маңдолина ұстағанына еліктеп, біз де домбырада ойнауды үйрендік.

«Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деп, білім-ғылым қиясына өрлеткен Бәпина Қарасаева, Иса Сұлтанов, Сара Масина, Балзия Қайыржанова, Тұрсын Сыдықов, Мәрзия Маженова, Әбсаттар Дербісәлі, Гүлнар Надирова, Әдебиет Молдаханов сынды ұлағатты ұстаздарыма шәкірттік шынайы алғысымды білдіремін!

**— Көп балалы шаңырақтың ханымысыз. Отбасыңызда қандайсыз? Білгіміз келетін қызықты түс.**

— Жұбайым Абай Қабақбайұлы екеуіміз төрт бала тәрбиелеп отырмыз. Қыздарымыз Жанерке, Бибіжан, Алтынай – қаламыздағы Әл-Фараби атындағы үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясының оқушылары, ұлымыз Жансен – Нұр-Сұлтан қаласындағы генерал С.Қ.Нұрмағамбетов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінің ұланы. Әрқайсысының өз қызығушылығы, өзіндік пікірі бар, бір-біріне қамқор болып өсіп келеді. Отбасым барлық бастамаларымды қолдап отырады. Балаларым – байлығым, отбасым – бақытым.

Құрметті Гүлнара Дауылбайқызы! Сіздің сауалдарыңыз мағыналы әрі мазмұнды сұқбаттасуға жетеледі. Көп рақмет!

**— Сізге рақмет, Мира Рашидқызы, жүйелі және әсерлі жауаптарыңыз үшін! Елге қызметіңізде абырой тілеймін!**



сарту мен қолжетімділігін арттыру, әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мәселелерін шешуге қатысамын деп ойлаймын.

**— Жастардың ғылымға талпынуы кенже. Бір себебі қолдаудың аздығымен түсіндіріледі. Ғалым ретінде айтыңызшы, ғылыммен айналысқан адам қандай қолдауға зәру болуы мүмкін?**

— Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауының «Қолжетімді әрі сапалы білім» туралы бөлімінде ғылым саласын дамытуға серпін беру керектігін айтып, «Ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңызды көзі – ірі кәсіпорындардың, әсіресе шикізат саласындағы компаниялардың қаражаты», — дей келіп, тапқан табыстың 1 пайызын ғылым мен технологияны дамытуға беру туралы қолданыстағы норма талаптарының сақталуын қадағалауды қамтамасыз етуге тапсырма берді және ірі бизнес өкілдері өңірлік университеттердің пайдалану қажеттігін қамқорлыққа алуы туралы айтты. Сол арқылы ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін пайдалану қажеттігін көрсетті. Ал «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан ескелең ұрпақтың осын-

рында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынамын», — деді.

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов те Мемлекет басшысының ғылым саласын



дамыту мәселесін ерекше назарда ұстап отырғанын, ғылымға қаржыландыру жағынан да, басқа мәселелер бойынша да үлкен көмек көрсетіп жатқанын айта келіп, осы саланы дұрыс игеріп, жолға қойып, жұмысты ашықтық қағидасымен ұйымдастыруымыз керек екенін, жоғары оқу орындары да осы жұмысқа белсенді түрде араласуға тиіс екенін атап өтті.

**кәсібіңізге адалдығыңызға, еңбекқорлық, ұқыптылық қасиеттеріңізге де қызығады. Туып-өскен ортаның әсерінің жемісі болар. Айта отырсаңыз.**

— Рақмет! Адалдық пен еңбекқорлық – ата-әжеміден дарыған, ата-анам берген тәрбиенің тұнығы. Алға ауданындағы Қарабұлақ ауылында туып-өстім. Атам Жылғалдин Жиенғали 1931

☑ **Басты жаңалықтар**

☑ **Главные новости**

☑ **Main news**

## АҚ ҮЙДЕ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Қазақ қызы Әсел Қалиқызы Робертс (Теленова) АҚШ президенті Протоколы басшысының міндетін атқарушы болып тағайындалды. Ол қызметіне 20-қаңтарда кірісті. Бұл туралы «Ақ үйдің» ресми сайтында хабарланды. «Асель К.Робертс 2021 жылы 20 қаңтарда АҚШ протоколы басшысының міндетін атқарушы болып тағайындалды. Хаттама басшысы кеңсесінде 15 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар, оның бұл кеңседегі соңғы қызметі аға кеңесші болды. Робертс ханым шетелдік қызмет мектебін бітірді. Джорджтаун университетінің, халықаралық құқық ғылымдарының бакалавры. Ол орыс, қазақ және жапон тілдерін біледі», — делінген хабарламада. Әсел 1976 жылы Алматыда дүниеге келген. 1993-98 жылдар аралығында Джорджтаун университетінде оқып, бакалавр дәрежесін алады. Ол АҚШ-тың мемлекеттік қызметінде университет бітіргеннен бастап еңбек еткен, бұл салада тәжірибесі мол. Әсел жұбайы, АҚШ азаматы Шон Робертспен Айдін есімді қыз өсіріп, тәрбиелеп отыр.

АҚШ Протокол басшысының кеңсесі әлем елдері басшыларын қарсы алып, дипломатиялық қарым-қатынастардың алғы шебінде жұмыс істейді. Кеңсе өз жұмысы арқылы елдер мен мәдениеттер арасындағы байланыстың күшеюіне ықпал ететін бірден-бір маңызды бөлім.



## КАЗАХСКАЯ ДЕВУШКА В БЕЛОМ ДОМЕ

Казашка Асель Калиевна Робертс (Туленова) назначена исполняющей обязанности руководителя Протокола президента США. Она вступила в должность 20 января. Об этом сообщается на официальном сайте Белого дома. «20 января 2021 года Асель К. Робертс была назначена исполняющей обязанности главы Протокола США. Ее опыт работы в Офисе руководителя протокола составляет более 15 лет. Перед назначением она работала старшим советником Офиса. Г-жа Робертс окончила Школу дипломатической службы. Окончила Джорджтаунский университет, бакалавр международного права. Она говорит на русском, казахском и японском языках», — говорится в заявлении. Асель родилась в 1976 году в Алматы. С 1993 по 1998 год училась в Джорджтаунском университете и получила степень бакалавра. После окончания университета она приступила к государственной службе в США, имеет большой опыт работы в этой области. Супруг Асель Шон Робертс, гражданин США, они воспитывают дочь Айдін. Офис начальника Протокола США приветствует мировых лидеров и находится на передовой дипломатических отношений. Офис — одно из важнейших подразделений, способствующее укреплению связей между странами и культурами.

## KAZAKH GIRL IN THE WHITE HOUSE

Kazakh girl Asel Kalieva Roberts (Tulenova) was appointed Acting Head of the Protocol of the President of the United States. She took office on January 20. This was reported on the official website of the White House. "On January 20, 2021, Asel K. Roberts was appointed Acting Head of the US Protocol. She has over 15 years of experience working in the Office of the Chief of Protocol. Prior to her appointment, she served as a senior advisor to the Office. Mrs. Roberts graduated from the School of Foreign Service. Graduated from Georgetown University with a BA in International Law. She speaks Russian, Kazakh and Japanese," the statement said. Asel was born in 1976 in Almaty. From 1993 to 1998 she studied at Georgetown University and received her bachelor's degree. After graduating from university, she entered the civil service in the United States, and has extensive experience in this field. Asel's husband, Sean Roberts, is a US citizen, they are raising a daughter, Aydin. The US Chief of Protocol welcomes world leaders and is at the forefront of diplomatic relations. The office is one of the most important units contributing to the strengthening of ties between countries and cultures.



## ӘЛИЯ АҚТӨБЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 8-қаңтардағы қаулысына сәйкес Ақтөбе халықаралық әуежайына Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың есімі берілді. Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 25-қазанында Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Булақ ауылында дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысы кезінде жау әскерінің 30-дан аса сарбазы мен офицерінің көзін жойған. Оған Кеңес Одағының батыры атағы 1944 жылдың 4-маусымында берілді. Әлия есімімен аталатын көшелер, ондаған мектеп (Мәскеудегі № 891 орта мектебі, Шымкенттегі № 29 орта мектебі, Новосокольники № 72 орта мектебі, Оралдағы № 38 орта мектебі), Әскери-теңіз флотының кемелері, Каспий жүк таситын теплоходы бар. Ақтөбе, Нұр-Сұлтан, Алматы, Мәскеу, Петербург, Новосокольники қалаларында ескерткіш орнатылған.

Ақтөбе қаласында батыр Әлияның мемориалды музейі бар. Сондай-ақ Ақтөбенің орталық даңғылы Әлия Молдағұлова атында. Осы даңғыл бойында орналасқан Zhubanov University университетінде былтыр Әлия Молдағұлова атындағы кабинет ашылды.

Air Astana әуе компаниясының ұшағына да 2012 жылы Әлия есімі берілген болатын. Ақтөбедегі халықаралық әуежай ғимараты 1933 жылы тұрғызылған. Одан қазір 8 бағытта әуе қатынасы жүзеге асады. Біреуі Мысырға айына бір рет ұшатын халықаралық рейс.

## МЕЖДУНАРОДНЫЙ АЭРОПОРТ В АКТОБЕ ПОЛУЧИЛ ИМЯ АЛИИ

В соответствии с Постановлением Правительства РК от 8 января 2021 года международному аэропорту Актобе присвоено имя Героя Советского Союза Алии Молдагуловой.

Алиа Молдагулова родилась 25 октября 1925 года в селе Булак Кобдинского района Актюбинской области. В годы Великой Отечественной войны убила более 30 вражеских солдат и офицеров. 4 июня 1944 года ей было присвоено звание Героя Советского Союза.

Имя Алии дано улицам, десяткам школ (средняя школа № 891 в Москве, средняя школа № 29 в Шымкенте, средняя школа № 72 в Новосокольниках, средняя школа № 38 в Уральске), суднам Военно-морского флота, грузовому теплоходу Каспия. Установлены памятники в Актобе, Нур-Султане, Алматы, Москве, Санкт-Петербурге, Новосокольниках. В Актобе находится мемориальный музей героя Алии, именем Алии Молдагуловой назван центральный проспект Актобе. Кабинет имени Алии Молдагуловой был открыт в прошлом году в учебном корпусе Zhubanov University, расположенном вдоль этого проспекта.

Самолет «Air Astana» в 2012 году также получил имя «Алиа». Международный аэропорт Актобе был построен в 1933 году. Сейчас он обслуживает 8 маршрутов. Один — международный рейс в Египет раз в месяц.

## INTERNATIONAL AIRPORT IN AKTOBE RECEIVED THE NAME OF ALIYA

In accordance with the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated January 8, 2021, the Aktobe international airport was named after the Hero of the Soviet Union Aliya Moldagulova. Aliya Moldagulova was born on October 25, 1925 in the village of Bulak, Kobdinsky district, Aktobe region. During the Great Patriotic War, she killed more than 30 enemy soldiers and officers. On June 4, 1944, she was awarded the title of Hero of the Soviet Union.

Aliya's name was given to the streets, dozens of schools (secondary school No. 891 in Moscow, secondary school No. 29 in Shymkent, secondary school No. 72 in Novosokolniki, secondary school No. 38 in Uralsk), the ships of the Navy, the Caspian freighter.

Monuments have been erected in Aktobe, Nur-Sultan, Almaty, Moscow, St. Petersburg, Novosokolniki. In Aktobe, there is a memorial museum of the hero Aliya; the central avenue of Aktobe is named after Aliya Moldagulova. The office named after Aliya Moldagulova was opened last year in the Zhubanov University educational building, located along this avenue. Air Astana in 2012 also received the name of «Aliya». Aktobe International Airport was built in 1933. Now it serves 8 routes. One is an international flight to Egypt once a month.

## Winner

Многогранный, как и его наука, профессор, доктор физико-математических наук Игорь Спивак-Лавров очередной юбилей встречает победой. Известный физик стал «Лучшим преподавателем ВУЗа-2020» по итогам республиканского конкурса МОН РК. За это звание боролись 623 претендента из 73 университетов страны. Конкурс проходил прозрачно, каждый этап, начиная с подачи заявки, можно было наблюдать online.

Удостоились «лучшей» оценки еще 6 коллег И.Спивак-Лаврова. В числе номинантов конкурса исполняющий обязанности ректора вуза, доктор исторических наук Рахым Бекназаров, заведующий кафедрой «Физической культуры и спорта», доктор педагогических наук, профессор Тулеген Ботагариев, кандидат физико-математических наук, доцент Амирбек Бекешев, заведующая кафедрой математики, кандидат физико-математических наук Мадина Тлеубергенова, ассоциированный профессор кафедры «Металлургия, горное и нефтегазовое дело» Бауыржан Келаманов, старший преподаватель кафедры «Информатика и информационные технологии» Гульмира Шангытбаева.



пскулярной оптики. Это раздел физической электроники. «Специальный прибор, масс-спектрометр может определять массу вещества и что это за вещество. Такой прибор широко применяется в научных исследованиях, используется для выявления некачественных лекарств, также применяется в криминалистике и других так называемых науках о жизни», – делится ученый.

Игорь Феликсович Спивак-Лавров, которому в этом году исполняется 75 лет, автор более 250 научных работ, десяти авторских свидетельств на изобретение. Он уважаемый гость многих международных конферен-

# Дважды лучший

Среди «жубановских» победителей этого года дважды лучшим стал профессор Игорь Феликсович Спивак-Лавров. В этом конкурсе разрешается участвовать только 1 раз в 10 лет. Так высок статус. «В 65 лет я впервые удостоился звания «Лучший преподаватель вуза». «В этом году изменилась форма проведения конкурса, но основные постулаты моей педагогической деятельности все те же. Я уверен, что наукой нужно заниматься постоянно, отдавая всего себя», – поделился профессор.

Итак, разберем эти «педагогические постулаты» Игоря Феликсовича. Прежде чем погружаться в его фундаментальную физику расскажем о простых буднях лучшего преподавателя.

Педагог и ученый — Спивак-Лавров мотивирует студентов через интерес к познанию. Мозг как и мышцы нуждаются в постоянных тренировках - то есть в постоянном обучении, считает он. А вообще Игорь Феликсович любит физическую активность. Держит тело в форме, играет в теннис и футбол.

Тренировать надо и духовность. Для этого у нашего героя кроме науки есть увлечение – это поэзия. Он читает наизусть литературные шедевры, участвует в вечерах поэзии. Его дочь Ирина филолог. Им всегда есть о чем поговорить.

На занятиях Игорь Спивак-Лавров старается не загружать студентов. Он стремится «зажигать их как факел» через свою харизму и страсть к физике. А еще профессор увлекает обучающихся, используя олимпиадные задачи. Сложные задания вызывают азарт у молодежи. «Наука сама по себе развивается и уходит

Знаете, как бывает, когда не можешь решить задачу? Загружаешь ее в подсознание, ходишь и думаешь, часто не один день. А потом в какой-то момент это решение «приходит» в голову», – рассказывает Игорь Феликсович. Вот так он на всю жизнь оставляет физику в мыслях и сердцах своих студентов, воспитывая моло-

ций. Профессор участвовал в работе конференций, проходивших в США, Канаде, Сингапуре, Чехии, Японии, побывал в «альма-матер» Дарвина и Ньютона – Кембригском университете.

«Для ученого очень важны публикации, оценка его работ коллегами, конференции и дискуссии. Учитель жив до



вперед от университетского образования. Поэтому всегда нужно вносить что-то новое, успевать за развитием науки...

дых ученых и педагогов. Исследования профессора И. Спивак-Лаврова направлены на изучение кор-

тех пор, пока сам учится», – уверен он.

Айгерке Султанбекова

## Person

## ҚАЗЫНАЛЫ ЗХУБАНОВ

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры қызметіне тағайындалуына байланысты филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, белгілі абайтанушы Бауыржан Ердембековтің төрт жылға жуық басшылық еткен Zhubanov University университетінің профессор-оқытушы құрамы, қызметкерлері және білім алушыларымен қорытынды кездесуі өтті. Шараға облыстық өкімшілік ұжымы өкілдері, университет меценаттары, ақын-жазушылар қатысты.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбет облыс әкімі Оңдасын Оразалиннің құттықтауын жеткізді. Құттықтау хатта өңір басшысы Б.Ердембековтің білім беру саласында аянбай жұмыс жасап, өңірдің қоғамдық-саяси дамуына қосқан үлесі үшін алғысын айтып, 85 жылдық тарихы бар Zhubanov University университеті ол басқарған жылдары әлемдік білім кеңістігінен өз орнын тауып, еліміздегі көпсалалы жоғары оқу орындары арасында көшбасшылық универси-



«Қадірлі құт дарыған Ақтөбе елі! Қасиетті Қара шаңырақ – Жұбанов университеті!

Бүгін менің университет басшылығындағы қызметім аяқталып отыр. «Шығысым батыс болды» деп келген осы төрт жылға жуық уақытта Ақтөбе мені құшағына алды. Кешегі Абайдың бабасы Ырғызбайдың, Кеңгірбай бидің кіндігін кескен өңірде, Шығыстаудағы Құнанбайды тауып, екеуі бірлесіп Меккеде тәкия салған

болмақ. Әр студенті мен қызметкері менің туғаным айналды. Төрт жылда тебіндеп өскен таныс-білістік бүгін бағасы зор бауырластыққа ұласты. Жұбанов университеті мені өсірді, шыңдады, қолдады, қажет жерінде қорғады. Мен сол үшін Қара шаңырақтың барша ұжымына басымды иіп, рахмет айтамын. Ауыз бірлігі тонның ішкі бауындай жымдасқан туған ұжымымың әр мүшесіне алдағы күндерде де береке-бірлік,

болсаң, әр елде бір кісілік орның боладыны» анам үнемі айтып отырады...», дейтін ол үш жыл мерзімге тағайындалатын ректорлық қызметін Zhubanov University университетінде абыроймен аяқтады. Енді өзі бір кезде түлеп ұшқан Шәкәрім атындағы Семей университетін басқарып, еліміздің білім беру саласын өркендетуге әрі қарай үлес қоса бермек.

Бауыржан Ердембековтің Zhubanov University университеті тарихында қалдырған ең маңызды қолтанбасы ЖОО-ның құрылу тарихнамасын тарихшылармен қайта ақтарып, тиянақтауы. Соның нәтижесінде университеттің 85 жылдық мерейтойын пандемиялық шектеулер қиындығына қарамастан жоғары дәрежеде өткізді. Университет тарихынан құнды жаңа деректер мен фотомұрағаттар жинақталған қалың жинақ көпшілікке таныстырылды. Классикалық үлгідегі университетті SmartUniversity форматына ауыстыруда қомақты істерді жүзеге асырды. Ақтөбе ақтангерлерінің есімдерін ұлықтап, 150-ге жуық кабинеттер мен дәрiсханалар ашты. Университеттің оқу ғимараттарына атау берді. «Жұбанов керуені» кәсіби бағдар беру мегажобасын бастады. Жүздеген жас мамандарды жұмысқа шақырып, өмірлік жолын ашты, ғылымға баулыды. Ақтөбенің ақбөкендер елі екенін әлемге паш етуді мақсат тұтқан



тетке айналғанын атап өткен. Жаңа қызметіне сәттілік тілеп, еліміздің одан әрі өрге қадам басуына қомақты үлес қоса беретініне сенімін білдірген.

Жиында ЖОО Ғылыми Кеңесі шешімімен Бауыржан Ердембековке «Құдайберген Жұбанов» медалі табысталып, ұлттық дәстүрмен иығына шапан жабылды.

Бауыржан Ердембеков әріптестеріне бірлесіп атқарған жемісті еңбектері үшін алғыс айтып, жан тебіренер лебізін жолдады.

Досжан Хазіреттің туған жерінде қызмет ету мен үшін әрі үлкен абырой, сонымен қатар парыз-тын. «Арғы бабаларыңа пана болған елде сағың сынбасын», — деп бата берген еді ауылдың ақсақалдары. Енді міне ақтангері аттан түспеген батырлар мен ақындар елінің, өзім қызмет еткен 85 жылдық тарихы бар қара шаңырақтың батасын алып, туған жерге аттанып барамын. Өз үйімдей болып кеткен, ғылым мен білімнің ұясы Жұбанов университетінің менің өмірімде алатын орны ерекше

баянды ғұмыр тілеймін! Батыс өңірінің білімі мен ғылымының жан сарайы – Жұбанов университетінің жұлдызы жарқырай берсін! Мен қашанда Сіздермен біргемін!», — деді үлкен толқыныспен.

Бауыржан Ердембеков мансап жолын ассистент оқытушы болып бастаған. Ол ұстаздық пен басшылықтың барлық сатысынан өткен жан. Семейде, Өскеменде, Елордада білім беру саласында жоғары лауазымды қызметте болған. «Қазақстанның қай өлкесі де маған жат емес. «Өзің жақсы



# ШАҢЫРАҒЫНАН ТУҒАН ЖЕРГЕ

жобаны қолға алды. Zhubanov University Қазақстанның батыс өңірін білікті мамандармен қамтамасыз етуде басты ЖОО-ға айналды және қолданбалы ғылымның орталығы ретінде елге таныла бастады. Халықаралық QS World University Rankings рейтингісіне қатысып, ең үздік университеттер арасында 351-орынға ие болды. АРТА (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі) рейтингінде Қазақстанның үздік жиырма университетінің ішінде 4-орынға шықты. Университеттің әнұраны «Жұбанов маршы» дүниеге келді. 2020 жылы «Ғылымды дамыту» жылы деп аталып, университет ғалымдары 200 млн. теңге ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылым грантын жеңіп алды.

Университет ішілік 14 ғылыми жобаға оқу орнының өз қаражатымен демеу көрсетілді. Б.Ердембековтің авторлығымен Хакім Абайдың 175-жылдығына орай «Абайтану» кітабы баспадан шығып, облыстың 400-ге жуық мектебінің кітапхана қорына сыйға тартылды. Сондай-ақ оның «Абай шығармаларының көпфункционалды Web қосымшасын жобалау және құру» ғылыми жобасы министрлік грантын жеңіп алды. Филология және математика мамандықтары бойынша PhD философия докторы, бейіндік сала бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертациялық кеңе-

стер ашылды, математика мамандығы бойынша 2 докторлық диссертация қорғалды.

Университеттің Хирш индексі бойынша көрсеткіші үш позицияға көтерілді. Қазақстан мектептеріне арналған «Физика» оқулығы жазылды. Университеттің материалдық-техникалық базасы 87%-ке жаңартылды, «Жұбановқа жомарттық»



жобасы шеңберінде 80 млн. теңгеден астам қаржыға жаңа зертханалар, спорт алаңдары, жылыжай кешені салынды, оқу кабинеттері жабдықталды. Жеке прокторинг жүйесі бар дербес білім беру порталы құрылды. SmartARSU мобильді қосымшасы жасалды. IT инфрақұрылымы жаңғыртылды.

Тұңғыш рет Цифрландыру апталығы өтіп, бұл саладағы жетістіктер өзгелерге үлгі етіп көрсетілді. Университеттің халықаралық көкжиегі кеңейіп,

әлемнің 120-дан аса университетімен, ғылым орталығымен, ассоциация, консорциумдарымен ынтымақтастық дамып, 400-ден аса студенттер мен магистранттар академиялық ынтымақтастық бағдарламасы арқылы шетелде білім алды. Қосдипломды білім алу бойынша жүргізілген келіссөз нәтижесінде білім алушылар Польша,

Белоруссия мемлекеттерінің жоғары оқу орындарының еуропалық дипломдарын иеленді. Польша мен Түркияда «Qazaq Eli» қазақ тілі мен мәдениеті орталығы ашылды. Білім алушылар қатары 15 мыңға жетті. Студенттер саны 209 «Алтын белгі» иегерімен, республикалық халықаралық олимпиадалар, ғылыми байқаулар мен спорттық сайыстардың 37 жеңімпазымен толықты.

Өткен оқу жылында университетте 49 жаңа білім бағдарла-

масы ашылды. Бакалавриат — 17, магистратура — 27, докторантура — 5 білім бағдарламасына көбейді. Сатылы білім беруді іске асыру мақсатында Жоғары колледжі құрылды. Осы айтылған игі істердің басында Бауыржан Ердембеков жүрді. Ол өзіне жүктелген міндетті аса жауапкершілік, шексіз ықыласпен атқарды.

Тынымсыз еңбек адамы ретінде үлгі болған, ұжымды бір мақсатқа бағыттай алатын шебер менеджер, жастар қамқоршысы Бауыржан Ердембековке жаңа қызметінде табыс тілеген жұбановшылар кемел басшымен қимай қоштасып, әлеуметтік желілерде ризашылық сезімдерін толассыз жазып жатты. Өлең шумақтарын арнады. Zhubanov University өмірінде Бауыржан Ердембековтің қалдырған ізі мәңгілік. Қоштасу сапары алдында облыс әкімі Оңдасын Оразалин арнайы қабылдап, оның «Ақтөбеден Абайға» рухани көгірін орнату жобасы жайлы құлағдар екенін, жүзеге асыруға қолдау көрсететінін айтты. Демек көпшілік көңіліне нық орныққан арда азamat, Zhubanov University университетінің 12-ші басшысы болған, қазыналы білім шаңырағынан туған жерге зор абыроймен аттанған Бауыржан Ердембековпен келешекте қатынас үзілмейді. Жалғасын табады.

Жалғасы 10-11 беттерде



**Құрметті менің әріптестерім! Мен дүйсенбіден бастап жаңа қызметке кірісетін болдым. Баршаңызға қызметте сәттілік тілеймін, ең бастысы ауызбірліктеріңіз мықты болсын! Жұбанов жасай берсін! Мен әрқайсыңызды ерекше сыйлаймын және жақсы көремін! Бастарыңыз аман, бауырларыңыз бүтін болсын!**

**Бауыржан Ердембеков  
29-қаңтар, 2021 жыл.  
Zhubanov University  
қызмет чатынан.**

Person

# ЗОР АБЫРОЙМЕН АТТАНДЫ

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ІРІ ӘЛЕУМЕТТІК FACEBOOK ЖЕЛІСІНЕН АЛЫНҒАН  
БАУЫРЖАН ЕРДЕМБЕКОВ ЖАЙЛЫ ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕРДІҢ БІР ТАРМАҒЫ

ни ортасында да әрдайым ыстық ықыласпен еске алынатыны сөзсіз.

## Есімі елге мәшһүр

Қ.Жұбанов атындағы өңірлік университеттің ректоры болып тағайындалған күннен бастап Бауыржан Ердембеков өңірдегі қаламгер қауымды іздеп, тығыз байланыс орнатқан болатын. Қазақстан Жазушылар одағы Ақтөбе облыстық филиалының ұсынысын бірден қабыл алып, Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдық мерейтойын өткізуге бастан-аяқ жүгірді. Республикалық мүшәйра ұйымдастырып, кітабын шығарды. Филиалға баспа на тауып беріп, бірнеше аудиторияға Ақтөбенің даңқын аспандатқан ақын-жазушылардың атын берді. Оқу орнындағы талабы бар баланың бәріне қамқор болды.

Былғы ұсынысымызды да қолдап, Бәкір Тәжібаевтың драмалық шығармаларын, Амантай Өтегеновтің үш томдық шығармалар жинағын шығаруды қолға алған болатын...

Бүгін ҚР Білім және ғылым министрлігі бұйрығымен Бауыржан Ердембековтің Шәкәрім атындағы Семей университетінің ректоры қызметіне тағайындалғанын естідік. Студенттер сарайында өткен жиында Баукеңнің атына қанша жылы лебіз айтылды. Облыс басшысы Оңдасын Оразалиннің ықыласын жеткізген орынбасары Мейрамбек Шермағанбет осы төрт жыл ішіндегі университеттің жетістіктерін атап өтті. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Амангелді Айталы ерекше толқып сөйледі. Келдібай Еспағамбетов ағамыз Баукеңнің ұйымдастырушылық қабілетіне қоса, азаматтық болмысына тоқталды. Басқа да қанша адам қимастығын білдірді, әсіресе, ректордың студенттер арасында беделі өте жоғары екені сезіліп тұрды. Бұл аз бақыт емес-дүр.

Қызметке келу бар да, одан абыроймен кету — бөлек әңгіме. Баукең абыроймен кетіп барады. Кіндік қаны тамған топыраққа есімі елге мәшһүр тұлға боп оралды.

**Бауыржан Бабажанұлы**  
**Қазақстан Жазушылар Одағы**  
**Ақтөбе облыстық филиалының**  
**директоры, ақын**

## Іскер азамат

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін басқарған уақытыңызда жоғары оқу орнының еліміздегі алдыңғы қатардағы білім ордасы болуына бар күш-жігеріңізді салдыңыз.

Жаңартылған кабинеттер, атаулы аудиториялар, заманауи зертханалар және тағы көптеген жұмыстар жасап, ел ықыласына бөлендіңіз. Өзіңізге Жұбановтар әулетінің алғысы мен құрметі шексіз.

Екі жылда бір өтіп тұратын «Жұбанов тағылымы» атты республикалық конференцияға қатыса жүріп, сіздің жауапкершілігі мол басшы, әрі ғалым, әрі іскер азамат екеніңізге көз жеткіздік.

Өзіңіздің жаңа лауазымыңызды есітіп, шын жүректен құттықтаймыз. Алдағы уақытта қызметіңізге үлкен табыстар мен жеңісті жетістіктер тілейміз.

**Ілтифатпен: марқұм**  
**Асқар Жұбановтың жұбайы**  
**Эльмира Баймаханқызы**

## Әдеби-көркем талғамы тым биік

Бірнеше күннен бері біздің ұжым бір түрлі сезімде жүр. Құдды асқар тау өкеміз бізді тастап, басқа отбасыға кетіп қалған сияқты. 2019 жылдың 19 наурызында Елбасымыз ойламаған жерден президенттікті тапсырғанда қызық болып қалып едік қой, мынау да дәл сондай сезім, көңілдің көңірсуі, әлденеге алаңдауы. Әдебиеттен сабақ бергесін сезімге берілгішліз. Сезім атаулының ішінде қимастық дегені қиындау екен, ректорымыз Бауыржан Амангелдіұлы басқа қызметке ауысты дегеннен көңіл атты жүйрік көк дөнен жұмыс ырғағында жүрісінен жаңылып, кібіртіктеп қалды. Мен ешқандай құрылымдық бөлімшенің басшысы болмадым. Қазақ әдебиеті кафедрасының қарапайым аға оқытушысымын, бірақ басшымыздың осы жылдар ішінде өңіріміздің, оқу ордамыздың рухани-мәдени әлеуетін арттырамын, аға буын мен болашақ қарымды қаламгер ортақ мәмілеге келген әдеби орта қалыптастырамын деп уақытпен санаспай еңбек еткенім жақсы түсіндім. Жаңа қызметке жайғасқанына жарты жыл өтпей Ақтөбенің Тахауин іздеді, ең алғашқы мемлекеттік сыйлық иегерінің есімімен бас ғимараттағы төрт лектік залдың біреуін атауды бұйырып, ішкі мазмұны заманауи дизайнмен өрнектелген өте әдемі дәрісхана дүниеге келді. Одан кейінгі басқасын былай қойғанда филология факультеті ғимаратындағы Ақтөбенің ақын-жазушыларының атымен аталатын конференц-залдар мен оқу кабинеттерін санауға саусағым

жетпейді. Ел аузында Гришина болып кеткен біздің корпус Бауыржан Амангелдіұлының идеясымен Ғылыми кеңесте «Нұрпейіс Байғанин атындағы оқу ғимаратына айналды. Бүгінде таксистерге шейін: «Гришин көшесіндегі Жұбанов университетінің корпусы» десең: «Нұрпейіс Байғанин ғой» деп өзіңе ақыл айтады. Дәл сол болашақ филологтар білім алатын Байғанин білім ордасының алдына жерлес жыршының тас мүсіні қойылды. Ол ескерткіштің ашылуы, кейін университетке келген қадірлі қонақтардың Нұрпейіс атаның мүсініне гүл қою үшін арнайы соғуы саналы жаңа рухани келісті көрініс болып саналары сөзсіз. Сол білім үйінің бірінші қабатында да Байғаниннің шығармашылығынан сыр шертетін шағын алаңқай бар, одан әрі екінші қабаттың кіре беріс оң қабатының да жаңадан жасақталуына басшымыздың тікелей өзі мұрындық болған «Абайтану» тұрса, сол жағында асылдың сынығы, профессор Есет Жұбановқа арналған конференц-зал бар. Үшінші қабаттың оң жағына Өтежан Нұрғалиев қоныс тепсе, оған қарама-қарсы сол жақта тағы да Нұрпейіс жыршының есімімен аталатын дәрісхананың есігі есті жанға айқара ашық. Айтпақшы, үшінші қабаттың фойесінде Байғаниннен басталып, Кереева Индирамен аяқталатын ақтөбелік қаламгерлер туралы толық мәлімет беретін әдебиет фойесі бар, біздің білім алушыларымыздың фотоға түсетін сүйікті мекені. Төртінші қабатта Тобыққа, Қажығалиға, Сағиға, Рәбиға алайға, Серік ағайға арналған атаулы кабинеттер өзінің көңіл сүйсінер сәнімен, ішкі рухани мәнімен мен мұңдалатады. Осындай айтудың өзі оңайға соқпайтын, келген қонаққа мақтанып көрсетудің өзіне қыруар уақыт кететін, біткен шаруалардың басында әрдайым Бауыржан Амангелдіұлының өзі тұрды. 2018 жылы мамандығымызды аккредиттеуге келген шетелдік маман біздің атаулы аудиторияларымызды аузын ашып, көзін жұмып қарап жүріп: «Это не учебный корпус, а целый духовный мир, литературный мир для будущего филологов» деп таңқалғаны бар. Әдеби-көркем талғамы тым биік, болашаққа жол тартатын әрбір игі істі бүге-шүгесіне дейін сергек көңілмен тексеруден еш танбаған, ақыл-ой таразысы мүлт кетпес дәл ректорымыздың ардақты есімі тек қана Жұбанов оқу ордасында емес, аймағымыздың әдеби-мәде-

**Рита Жұмағалиева**  
**Zhubanov University Қазақ**  
**әдебиеті кафедрасының аға**  
**оқытушысы,**  
**филология магистрі**

## Мықты стратег, дипломат басшы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің әлемдік биіктігі — ректор Бауыржан Амангелдіұлының табанды тұғырнамасы мен дипломаттық ұстанымдарынан өрілген шыңдарға көтерілу болды.

Қазіргі университеттің халықаралық көкжиегі әлемнің 120-дан аса университеттерімен, ғылым орталықтарымен, ассоциация, консорциумдарымен ынтымақтастықты дамытып, 400-ден аса студенттер мен магистранттарды шетелге білім алуға жол ашты.

Бірлескен білім, қосдипломды білім алудың қыр-сырына бойлап, алғашқы еуропалық дипломдарымыз жақында ғана Польшадағы стратегиялық серіктесіміз Быдгощ экономика университетінде студенттеріміздің еуропалық комиссия алдында қорғауында жарқырай көрінді.

Оның алдында ғана Белоруссияның Гродно мемлекеттік университетінен магистранттарымыз осындай қосдиплом иегерлері атанған еді.

Жыл сайын әлемдік деңгейде танымал ғалым-профессорлар мен салалық сарапшылар ортамызды толтырды, іс-тәжірибелерімен бөлісті. Америка, Қытай, Германия, Италия, Түркия, Оңтүстік Корея, Польша, Болгария, Ресей т.б. елдерінен келген 70-тен аса ғалымдар біздің университет студенттеріне шетелдік білім нәрін ұсынды, халықаралық форумдар мен семинарлар өткізді, ғылыми жобаларға қатысты. Шетелдік топ-менеджерлер ортасы қалыптасты.

Бауыржан Амангелдіұлының Қытай, Оңтүстік Корея, Италия, Литва, Түркия, Ресей елдеріне әрбір сапары, университет басшыларымен тікелей жүргізілген келіссөздері оқу ордамызға халықаралық бедел мен сыйластық, жаңа жобалар әкелді. Польша мен Түркияда «Qazaq Eli» қазақ тілі мен мәдениеті орталығын ашу идеясы да сәтті жүзеге асып, дипломатиялық қарым-қатынасты дамытуға үлкен септігін тигізді. Бұл жобаның астарында қазақ тілін әлемдік ортаға таныту, қазақ тілінде сөйлеушілер қатарын көбейту, қазақ тілінің халықаралық мәртебесін көтеру сынды жарқын



істерді жалғастыру мұрат етілді. Түркиялық студенттерге арналған «Qazaq tili grammatikasy» Стамбулда жарық көрді. Ұлт жанашырының осы идеясы Қытай, Оңтүстік Корея, Болгариядағы серіктестеріміз тарапынан қолдау тауып, келешекке жоспарланған болатын. Университетте ашылған бірнеше тіл-мәдениет орталықтарының өзі бір әлем.

Әлем бойынша үздік 30 институт (585-тің ішінде) қатарына енген Конфуций институты, Корей тілі мен мәдениеті орталығы, Поляк тілі мен мәдениеті орталығы, Түркі тілдерін зерттеу зертханасы, Италия тілі мен мәдениеті орталығы, Қытайтану ғылыми-зерттеу орталығы, TOEFL орталығы шетелдегі серіктестерімізбен бірлесіп ашылған, шетелден келген кәсіби тіл мамандары мен шақырылған профессорлар ортасы. Бұдан бөлек, халықаралық білім алып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін «Эразмус+, Мевлана, Фулбрайт т.б. грант иегерлері серіктестік нәтижелері.

Басты атап өтерлігі, университеттің әлемдік биіктігі QS (дүниежүзілік беделді университеттердің білім-ғылым бағытын бағалау бәсекесі) әлемдік рейтингіне енуі. Біздің университет QS EЕСА 2021 бойынша үздік 351 орынды иеленді. Лондонда QS конференциясын, білім көрмесін ұйымдастыруға қатысты. Игі істердің ұйытқысы болған басшымыз Бауыржан Амангелдіұлын QS негізін қалаушы әрі Бас директоры Нунцио Куакерелли бірлескен жұмыстың жемісті нәтижесімен құттықтап, Алғыс хатын жолдады. Бұл біз үшін — үлкен баға, биік мәртебе.

Әрине, болашақты бүгіннен болжайтын, мықты стратег, дипломат басшының көшбасшылық істерін бір парақпен жеткізу мүмкін емес. Маңыздысы, университеттің халықаралық имиджін, әлемдік беделін көтерген басшының өз ісіне адалдығы мен бе-

рекеті, танымы мен талғампаздығы, көрегендігі мен білгірлігі.

**Гүлжан Шоқым**  
Zhubanov University Халықаралық ынтымақтастық орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

## Достижение ВУЗа — итог деятельности руководителя

Последние два-три дня захожусь во власти информации, включающей посты в ФБ, каких-то фраз из переписок с моими бывшими коллегами, просмотренных фото, когда мысли цепляются за прожитые эмоции, какие-то исторические моменты, символы отнюдь не недавней моей деятельности в АРУ им.К.Жубанова, коллектив которого провожает своего ректора Ердэмбекова Б.А. на новое место работы в г. Семей. Сказать, что им было сделано много работы — это ничего не сказать! На мой взгляд, за три года был запущен скоростной режим, задан быстрый темп, прожитый день равнялся трём по ходу изменяющихся событий. Кто-то выдержал, кто-то нет, но не в этом суть... обычно в таких случаях говорят, что важен результат, но достижения вуза — это прежде всего итог деятельности руководителя, его стратегии, заданного направления! Грустно как-то, когда пересматриваю видео, даже слёзы навораиваются, может, чувствую эту мощную энергетику расставания... Но в то же время считаю, что Актобинская земля благодатная для дальнейшего развития, роста. С полученным благословением коллектива, 15 000 студентов и их родителей, думаю, мы ещё не раз услышим о новых высотах и достижениях Бауыржана Амангельдиевича! С уверенностью можно сказать, что приобретённый опыт, прозрачность руководителя, умение вы-

страивать границы и налаживать связи, масштабность мысли и, в то же время, тонкое эмоциональное восприятие филолога и просто человеческая доброта будут для этого хорошим подспорьем.

**Айжанна Жуминова**  
Кандидат филологических наук, доцент кафедры «Журналистика и переводческое дело» университета Туран, г.Алматы

## Біздің ректор

Жас жұбановшылардың ұстазы, кеменгер азамат Бауыржан Амангелдіұлы Жұбанов университетінің ректоры қызметінен Семейдегі Шәкәрім университетіне ауысты. Бірақ төрт жыл бойы 85 жылдық тарихы бар қара шаңырақта оқыған әр студенттің, магистрант пен докторанттың, осы жылдары қызметке қабылданған жас мамандардың ректоры болып қала бермек. Қазақта «Үш» саны киелі. Ендеше біздің ректордың әлеуметтік желіде жазылған жазбаларда көрініс таппаған үш еңбегін тезиспен атап көрсетейін.

Бірінші, Жұбанов университетінің студенттерінің санасына трансформация жасалуына барлық жағдай жасады. Ол өз кезегінде құтты мекен Ақтөбе жастарының әлеуетінің жоғарылауына себепкер болды.

Екінші, жас мамандардың жаңа лек болып келуі. Б.Ердэмбековтің көреген саясатының арқасында университетте оқыған қаншама үздік студенттер, магистранттар қара шаңырақта қалып өз еңбек жолын жалғастырды. Әрбір жас маманға қызмет саласында шексіз мүмкіндіктер мен қолдау көрсетілді.

Үшінші, Жұбанов университетінің өзіндік онлайн әлімі қалыптасты. Құрметті Бауыржан Амангелдіұлы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Ақылбай, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен секілді, біздер жас жұбановшылар Сіздің ұрпақтәрбиесіне, Ақтөбе жастары мен университеттің дамуына қатысты ой-армандарыңызды орындап, Сіздің бізге анықтап берген жолымызда аянбай еңбек етіп, әр уақыт Сізді іздеп, әр уақыт Сіз осыған дейін санамызға құйған ақыл-кеңестерге жүгініп тұратын боламыз.

Себебі, біздің ректордың «Ұстазын шәкірттері іздесе ол — қасиет» дегені біздің таным-түсінігімізде мұра болып қалды. Сізге Құрмет. Рақмет. Ризашылық.

**Райбек Телжанұлы**  
Zhubanov University Педагогика, психология, бастауыш оқыту кафедрасының оқытушысы

## Искренняя благодарность

Под руководством Бауыржана Ердэмбекова в Актобинском региональном университете имени К.Жубанова нам посчастливилось реализовать масштабный проект «Smart Zhubanov University». Наша искренняя благодарность и

## Кетерде қимай сізді...

*Көрінген көшті бастап*

*ер көмбеден,*

*Бар қазақтың*

*Бауыржан Ердембегі ең*

*Батыстың батасын ап,*

*бағын үстеп,*

*Түзеді Шығыс жаққа керуен кемең.*

*Ізгілік ісіңізден інжу алып,*

*Сіз келіп жанданған соң*

*бұл Жұбанов.*

*Келгенде күмәнданып*

*қарағанмен,*

*Кетерде қимай сізді*

*тұнжырадық.*

*Мін таққыш көбейсе де*

*мақтаулы ерге,*

*Алдына қойылмайды*

*қақпан керме.*

*Тамдырып маңдай терді*

*іс қылдыңыз.*

*Абайдың аталары жатқан жерге.*

*Құл алып ақын қыздың бір тілегін,*

*Жолымен жақсылардың*

*дүркіредің.*

*Жаңашыл, бастамашыл*

*қалпыңызбен*

*Жастардың жалынынан*

*үркімедің.*

*Жолыңызға ізгілік гүлі егілсін,*

*Шығыс та қадірінді біле жүрсін.*

*Арнаған қимастықтан аға сізге,*

*Бұл жырым бар жастардың*

*тілегі шын!*

**Жұлдыз Қазихан,**  
Zhubanov University докторанты, айтыскер ақын, Ақтөбе облыстық мәслихат депутаты

глубокая признательность Вам за плодотворную работу и поддержку продуктов, разработанных отечественными IT-компаниями.

Проект «Smart Zhubanov University» является экосистемой, которая направлена на эффективное использование существующих информационных систем университета, оптимизации внутренних бизнес-процессов, также обеспечение открытости университета внешнему миру.

Хотелось бы отметить, что проект «Smart Zhubanov University» во время пандемии показал эффективность и предоставил обучающимся возможности с помощью которых они смогли обучаться дистанционно из любых регионов страны и за ее рубежами, обеспечил новый уровень доступности образования при сохранении его качества и приумножение знаний обучающихся. Это показывает дальновидность и эффективность ваших решений. Все это было реализовано благодаря Вашей поддержке и вере в нас!

**Архат Биэхметов**  
Координатор проектов «Центр компании устойчивого развития столицы», г. Нур-Султан

**Арнайы беттерді дайындаған**  
Гүлнара Қараша

## ☑ Society

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан белгілі бір мөлшерде қаражат шешіп алуға рұқсат беретін Заңға қол қойды. Зейнетақы қорында бүгінде 12 триллион теңге қаражат бар, оның 10 пайыздан жоғарысын азаматтар шешіп алғалы жатыр. Зейнетақы салымын шешу құқығы туралы көкейде туындаған сұрақтарға экономика ғылымдарының кандидаты, Zhubanov University университетінің Экономика және құқық факультетінің деканы Тасқарина Бағдагүл Мөргенбайқызы жауап берді.

Зейнетақы қорындағы активтерді халыққа беру процедурасы басталды. Кей экономистер мемлекетте бюджет тапшылығы кезінде бұл процесс күрделі өтуі мүмкін деген болжамдар айтуда. Сіз қалай ойлайсыз? Заңдық базасы берік пе?

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік бюджеттің рөлі және оның ұлттық экономикалық жүйеге әсері сөзсіз жоғары және оның сапалы даму факторларының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта біз республика азаматтарына әлеуметтік және зейнетақы төлемдері аясында белгілі бір бюджеттік жүктемені байқап отырмыз. БЖЗҚ-ның инвестициялық қызметінің қаржылық құралдарының бірі мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады. Бұл бағалы қағаздардың эмитенттері — Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі. Осы бағалы қағаздарды сатудан алынған қаражат бюджеттік бағдарламалар мен мақсаттарға жұмсалады. Менің ойымша, бүгінгі жағдайда жинақталған зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру қажет, өйткені бұл жүйе бюджеттік жүктемені азайтуға көмектеседі және республика азаматтарының материалдық әл-ауқатын арттырады.

Зейнетақы жинақтаушы қорындағы белгілі бір шектен асқан ақшаны қолға алу баршаға қолжетімді емес екені байқалды. Мысалы, 20 жастағы азаматтың 1млн. 720 мың теңгеден артық ақшасы болуы керек екен, 30 жастағы азаматта 2 млн. 518 мыңнан аса қаражаты болуы тиіс. Мұндай мөлшер бұқарада жаппай жоқ қой. Негізінде осындай әлеуметтік қолдауға жастар мүдделі еді. Өйткені бағдарламаға негіз болған фактордың бірі – баспанаға қатысты. Пікір қоссаңыз.

Ия, белгілі бір талабы бар.



# Зейнетақы салымын

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «жеткіліктілік шегі» туралы ресми ақпарат жариялады. Онымен кез-келген азамат таныса алады. Алайда, келешекте бұл көрсеткішті инфляция, ең төменгі төлем мөлшері және тағы басқа факторларға негіздей отыра жыл сайын қайта қарау күтілетінін ескеру қажет. Бұл зейнетақы төлемдерін қатаң түрде мақсатты қолдануға болады, мысалы, емделу ақысын төлеу, тұрғын үй жағдайын жақсарту және т.б. Сондай-ақ мақсатты пайдалану үшін отбасы мүшелерінің қаражатын біріктіру мүмкіндігі қарастырылған. Менің ойымша, мемлекет тарапынан жасалған бұл қадам қазақстандықтардың бір бөлігіне әлеуметтік және материалдық әл-ауқатын жақсартуға көмектеседі.

Бұл заңды дәл қазір 721 мыңнан астам азамат қана пайдалана алады екен. Оған 2 триллион теңге қаражат шешіледі деген мәлімет бар. Бұл қарекетке мемлекет дайын ба? Оның үстіне зейнетақы қорындағы қаражаттың 50 пайыз көлемі мемлекеттік құнды қағаздарға салынған екен.

Менің ойымша, осы зейнетақыға қатысты жаңашылдық нәтижесінде қаражаттың кетуі БЖЗҚ активтерінің сапасына айтарлықтай әсер етпейді, бүгінде ол шамамен 13 трлн теңгені құрайды, ал міндетті салымшылар бойынша 10981218, ерікті салымшылар бойынша 57645. Оның үстіне, БЖЗҚ өзінің инвестициялық қызметінде қаражаттарды мемлекеттік құнды қағаздар сияқты сенімді қаржы құралдарына салады, сонымен қатар зейнетақы активтерін валюталық қорғауды жүзеге асырады. Сондай-ақ, осы зейнетақы қорындағы инновациялық қадамдар ұлттық қор нарығын сапалы түрде жандандыруға көмектесетін зейнетақы активтерінің бір бөлігін жеке басқарушы компанияларға беруді қарастыруда екенін атап өткім келеді.

Зейнеткер азаматтар да шектік көлемге сәйкес болса зейнет ақысының бөлігін шеше алады деп көрсетілген. Қалай жүзеге асады? Соны түсіндіріп кетсеңіз.

Ия, заңға сәйкес, зейнет жасына жеткен кісілер, егер оларда жинақтаушы қорында қаражаты бар болса, олар сол қаражаттың 50 пайызына дейін ала алады. Мұндай азаматтар елімізде 178 мыңнан асады, көпшілігі

Тасқарина  
Бағдагүл  
Мөргенбайқызы



1976 жылы РФ Орынбор облысында дүниеге келген.  
1983-1993 жж. Орынбор облысында орта мектепті аяқтады.  
1993-1998 жж. Орынбор мемлекеттік аграрлық университетінде «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша жоғары білім алды.  
1998 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің «Экономика және менеджмент» кафедрасына оқытушылық қызметке қабылданды.  
2002 жылы «Ауыл аумақтарының экономикасы және дамуы» Қазақ ғылыми-зерттеу институтына ізденуші болып қабылданды.  
2006 жылы мамыр айында ҚР ауыл аумақтарын дамыту және АӨК ҚазҒЗИ-ында 08.00.05 – «Экономика және халық шаруашылығын басқару» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады.  
2008-2020 жылдар аралығында «Қаржы және банк ісі» кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды.  
2020 жылдан бастап Zhubanov University Экономика және құқық факультетінің деканы қызметін атқарып келеді.  
30-ға жуық ғылым-әдістемелік еңбектің авторы.  
Ғылыми-педагогикалық еңбек етілі – 23 жыл.

құқық қорғау органдарының зейнеткерлері. Бір шарты — зейнетке шыққан азаматтардың мемлекеттен алып отырған зейнетақысы мен жинақтаушы қордан алып отырған зейнетақысын қосқан кезде, оның зейнетке шыққан кездегі табысының кемінде 40 пайызынан төмен болмауы керек.

**Отбасы мүшелері шектік көлемнен артық ақшаны біріктіріп, бір мақсатта жұмсай алады деп жатыр. Бұл қалай жүзеге аспақ және қандай жағдайда?**

Ия, заңнамаға сәйкес зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында немесе өздері, ерлі-зайыптылар немесе жақын туыстарының емделу ақысын төлеу үшін (ата-әжесі, ата-анасы, балалары, немерелері, аға-інілері) пайдалана алады. Мақсатты пайдалану кезінде осы отбасы мүшелерінің қаражатын біріктіруге болады. Ол үшін туыстық қатынасты растайтын тиісті құжаттар ұсынылуы қажет.

ниясынан да, БЖЗҚ-дан да зейнетақы төлемдерін алады. Сонымен қатар, азаматта әрдайым тұрақты зейнетақы болады (егер оның 1998 жылға дейін жұмыс өтілі болса).

**Тағы бір түсініксіз мәселе зейнетақы қорынан қаражат шешкен адамдардан алған сомасының 10 пайызын мемлекет жеке табыс салығы ретінде ұстап қалады. Осы дұрыс па?**

Ия, бұл дұрыс. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, азамат зейнетке шыққан кезде оған қарттық үшін жинақталған ақша төленеді (зейнетақы жинақтары), сондай-ақ зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу, бұл ақша табыс болып саналады және жеке табыстың 10% -ын салық ретінде ұстап қалады. Даулы мәселеге заң бойынша қараса, уәжі дұрыс. Әр мекеменің еңбек ақы қорында әр қызметкердің айлығын тағайындап, жалақысын берген кезде бірінші кезекте зейнетақы қорына 10 пайыз

6-3-тармағында, сондай-ақ осы кепілдіктерді мемлекет жүзеге асыру ережелерінде көрсетілген. Осыған байланысты, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен «конвертпен» жалақы алатын жұмысшылар БЖЗҚ-ға тиісті жарналарды өздері аударуы керек, өйткені БЖЗҚ-ның жинақтау жүйесіндегі зейнетақының мөлшері тек есепшотта қанша ақша жиналғандығына байланысты, зейнеткерлік активтерге инвестициялық кірісті қоса алғанда. Көріліктің әл-ауқатын ерте ойлау керек қой.

**Зейнетақы қорындағы ақшаның тиімді басқарылмай отырғанын білеміз. Зейнетақы активтерінің өсімі төмен. Теңге құнсыздануда. Әр жалақыдан аударатын 10 пайыз зейнетақы жинақтарымыз инфляцияның салдарынан желінуде. Көрілікке жеткенде түк те болмай қалып, көңіл түседі. Алаңсыз көрілік үшін зейнетақы жинақтаушы қорындағы қаражатты қалай басқару керек?**

Мемлекет Бірыңғай ұлттық зейнетақы қорында (БЖЗҚ) сақталған зейнетақы активтерінің сақталуына толық кепілдік береді, сондай-ақ олардың инфляция деңгейінде минималды кірістілігін қамтамасыз етеді.

**Зейнетақы қорынан шектік көлемнен артық ақшаны алып оны құнды қағаздар сатып алуға жұмсауға болады. Қараша халық осы жағына көңіл аудармайды. Өйткені нақты білмейді. Ал ішінен осылай өткісі келгендерді бағыттап жіберсеңіз. Ол қаражатты салып, өсім күтетін қандай сенімді қаржылық институттар бар? Кірістілігі жоғарысын атап өтсеңіз.**

2021 жылдан бастап Қазақстан азаматтары зейнетақы жинақтарының бір бөлігін сенімгерлік басқаруға беру үшін басқарушы компанияны өз бетінше таңдай алады. Басқарушы компанияны таңдауды ҚР Ұлттық Банкі зейнетақы активтерін басқаруға қабылдаған компаниялар тізімінен тікелей салымшының өзі жүзеге асырады. Салымшылардың минималды шекті деңгейден асатын зейнетақы жинақтарының бір бөлігі жеке басқарушы компанияларға сенімгерлік басқаруға беріледі. Таңдалған басқарушы компанияның жұмысына қанағаттанбаған жағдайда салымшылар өз жинақтарын басқа басқарушы компанияға беру немесе Ұлттық банктің басқаруымен қайтару құқығын сақтап қалады. Басқарушы компаниялардың қызметін реттеу шеңберінде зейнетақы активтерін салуға болатын қаржы құралдарының сапасына талаптар белгіленген. Бұл тізімге қазақстандық және шетелдік ұйымдар шығарған бағалы қағаздар енеді.

**Әңгімелескен  
Гүлнара Қараша**

**☑ Main news**

**БАБАЛАРҒА  
БАУЫРЛАС ҚҰРМЕТІ**

Бауырлас Түркияның Эрзурум қаласындағы бульварға және бастауыш мектепке Әл-Фараби есімі берілді. Түркі әлемінің дара тұлғасы, ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабиге құрмет оның туғанына 1150 жыл толуына орай жасалып отыр. Бастамаға себепші болған Қазақстанның Түркиядағы Елшілігі, ЭкоЕуразия қауымдастығы және Түркия тіл және әдебиет қауымдастығы ғұламаның есімі мен мұрасын дәріптеуді мақсат тұтады. Сондай-ақ Ыстанбұлдағы алаңға Абайдың есімі берілді. Қазақтың ұлы ақыны, хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойына арнап Ыстанбұл мәслихатының шешімімен қаладағы қазақ диаспорасы шоғырланған Зейтинбурну ауданындағы алаңдардың біріне Абай Құнанбайұлының есімін беру туралы шешім қабылданды.



**УВАЖЕНИЕ  
К ПРЕДКАМ  
ПРОЯВИЛИ В  
БРАТСКОЙ СТРАНЕ**

В честь аль-Фараби в Турции названы бульвар и начальная школа в Эрзуруме. Чествование великого мыслителя тюркского мира Абу Насира аль-Фараби прошло по случаю 1150-летия со дня его рождения. Посольство Казахстана в Турции, Ассоциация EcoEurasia и Ассоциация турецкого языка и литературы, иницировавшие эту идею, стремятся популяризировать имя и наследие ученого. Также площади в Стамбуле дано имя имам Абая. В честь 175-летия великого казахского поэта Стамбульский маслихат решил назвать одну из площадей в Зейтинбурнуском районе, где сосредоточена казахская диаспора, именем Абая Кунанбаева.

**RESPECT FOR  
ANCESTORS WAS  
SHOWN IN A  
BROTHERLY COUNTRY**

A boulevard and an elementary school in Erzurum are named after al-Farabi in Turkey. Honoring the great thinker of the Turkic world Abu Nasir al-Farabi was held on the occasion of the 1150th anniversary of his birth. The Embassy of Kazakhstan in Turkey, the EcoEurasia Association and the Turkish Language and Literature Association, which initiated this idea, seek to popularize the name and heritage of the scientist. Also, the square in Istanbul is named after Abay. In honor of the 175th anniversary of the great Kazakh poet, the Istanbul Maslikhat decided to name one of the squares in the Zeytinburnu region, where the Kazakh diaspora is concentrated, after Abay Kunanbaev.

**ШЕШУ ҚҰҚЫҒЫ**

**Зейнеттік аннуитет деген тетік жайлы қызықтырады. Бұл не? Бұл тетікті кез келген адам қолдана ала ма? Тиімділігі?**

Зейнеттік аннуитетінің өзі сақтандыру компаниясымен жасалған келісімшарт болып табылады. Бұл келісім зейнетақыны мерзімінен бұрын ала бастауға мүмкіндік береді. Жалғыз шарт — БЖЗҚ-да жинақталған қаражаттың жеткілікті болуы. Қазақстан Республикасында әйелдер зейнетақы аннуитеті шартын 50 жастан, ал ер адамдар 55 жастан бастап жасай алады. Егер салымшының зиянды еңбек жағдайларында жасаған кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болса, жынысына қарамастан, зейнетақы аннуитеті 50 жастан бастап жасалуы мүмкін. Заңнамаға сәйкес, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін жеткіліктіліктің қажетті мөлшері 55 жастағы ер адамдар үшін 11,3 миллион теңгені, ал 51,5 жастағы әйелдер үшін 15,5 миллион теңгені құрайды. Егер сізде міндетті жарналардан немесе міндетті кәсіби жарналардан жинақталған зейнетақы қаражаты жеткіліксіз болса, ерікті жарналарды пайдалануға болады. Салымшы зейнетақы төлемдерін сақтандыру компаниясынан да, БЖЗҚ-дан да бір уақытта ала алады. Мәселен, салымшының БЖЗҚ-дағы жинақталған зейнетақы төлемі аннуитеттің құнынан асып кетсе, артық қаражатты БЖЗҚ-да қалдыра алады. Екінші нұсқа ретінде салымшы зейнетақы аннуитетін сатып алып, жұмысын әрі қарай жалғастыра алады. Бірінші және екінші нұсқа бойынша да ол сақтандыру компа-

аударылады, сосын ғана 10 пайыз жеке табыс салығы ұсталады. Демек бірінші шешіліп алған ақшаға жеке табыс салығы салынбайды. Сондықтан да оған табыс салығын салу керек деген Қаржы министрлігі тарапынан нақты талап қойылды. Көпшілік бұған наразы болды. Мысалы, асыраушысынан айырылған отбасындағы мұрагер қайтыс болған адамның зейнетақы қорындағы қаражатын шешерде автоматты түрде 10 пайыз салық ретінде алып қалынады. Сол себепті жаңа заңнама бойынша зейнетақы төлемінің бөлігін шешкенде де салық төленуі керек. Айта кету керек, бұл мәселе төңірегінде туындаған наразылыққа байланысты депутаттық корпус қайта қарап, салықты бірден төлемей, ұзақ жылдарға бөліп төлеуге болатын болып шешілді. Біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС төлеуді екі жолмен жүзеге асыруға болады: ЖТС төлемін зейнеткерлікке шыққанға дейін кейінге қалдыру немесе біржолғы зейнетақы төлемін төлеу кезінде төлеу.

**Зейнетақы қорына аударым жасамайтын адамдар бар. Өйткені зейнет жасына келгенде аударған ақшасын инфляция жеп, мардымсыз пенсия алатынына наразы. Олай етуге заңнан да рұқсат. Осындай қарекетке көзқарасыңыз?**

Меніңше адамдардың бұл сезігі негізсіз, өйткені қазақстандық зейнетақы жүйесі инфляцияны ескере отырып, зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік береді. Бұл «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңның 6-бабының

## ☑ Басты жаңалықтар

## ☑ Главные новости

## ☑ Main news



### НҰРИЯНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ СҮЗГІЛЕРІ

Zhubanov University университетінің жас ғалымы, химия магистрі Нұрия Әйкенованың ағынды суларды тазартуға арналған инновациялық сүзгісі ЖОО ғылыми жетістіктер көрмесін тамашалауға келгендердің көңілін ерекше аударды. Нұрия ұсынып отырған түйіршіктелген карбонатты шламға негізделген тазарту технологиясын аймақтағы өнеркәсіптік компаниялар қолдана алады. Алғашқы тапсырыстар қабылданып та жатыр. Университетте Химия және химиялық технологиялар кафедрасының оқытушысы болып қызмет жасайтын Нұрия Әйкенова бұл жобамен 3 жыл айналысты. Осы уақыт ішінде ол жоба бойынша жоспарланған күрделі физикалық-химиялық зерттеулерін

мұнай өндірістерінде жүргізген. Нұрия Әйкенованың айтуынша оның сүзгілері өндірістің технологиялық және экологиялық мәселелерін шешуге ғана әсер етпейді, сонымен қатар, экономикалық көрсеткіштерін жоғарылатуға да көмектеседі. Нұрияның инновациялық сүзгілерімен қатар университет ғалымдары назарға қойған гидрофильді полимерлерге негізделген офтальмологиялық жаңа дәрілік формалар, диатомит негізіндегі отқа төзімді кірпіштер, қиярдың жаңа сорттары сияқты жаңалықтар үлкен қызығушылық тудырды. Университет ректоры, профессор Бауржан Ердембеков ЖОО ғалымдарының ірі әлеуметтік жобаларды да іске асырып отырғанын баяндады. Бүгінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми гранттарын жеңіп алған 7 ғылыми топ жұмыстарын бастады, 14 жобаны университет өзі қаржыландырып отыр.

### ИННОВАЦИОННЫЕ ФИЛЬТРЫ НУРИИ

Инновационный фильтр для очистки сточных вод молодого ученого Zhubanov University, магистра химии Нурии Айкеновой привлек внимание посетителей выставки научных достижений вуза. Предлагаемая Нурией технология очистки на основе гранулированного карбонатного шлама может использоваться промышленными предприятиями региона. Уже поступают первые заказы. Преподаватель кафедры химии и химической технологии университета Нурия Айкенова 3 года занимается своим проектом. За это время она провела запланированные комплексные физико-химические исследования на нефтяном производстве. По словам новатора, ее фильтры не только решают технологические и экологические проблемы производства, но и помогают повысить экономические показатели. Наряду с инновационными фильтрами Нурии,

большой интерес вызвали новые офтальмологические лекарственные формы на основе гидрофильных полимеров, огнеустойчивые кирпичи на основе диатомита и новые сорта огурцов. Ректор университета, профессор Бауржан Ердембеков рассказал, что ученые университета реализуют крупные социальные проекты. На сегодняшний день 7 исследовательских групп выиграли гранты Министерства образования и науки Республики Казахстан, 14 проектов финансируются университетом.

### INNOVATIVE NURIA FILTERS

An innovative filter for wastewater treatment of a young scientist at Zhubanov University, Master of Chemistry Nuria Aikenova attracted the attention of visitors to the exhibition of scientific achievements of the university. The treatment technology proposed by Nuria based on granular carbonate sludge can be used by industrial enterprises in the region. The first orders are already coming in. Nuria Aikenova, a lecturer at the Department of Chemistry and Chemical Technology of the University, working on her project for 3 years. During this time, she carried out the planned comprehensive physical and chemical studies in the oil industry. According to the innovator, its filters not only solve technological and environmental problems of production, but also help to improve economic performance. Along with the innovative Nuria filters, new ophthalmic dosage forms based on hydrophilic polymers, fire-resistant bricks based on diatomite and new varieties of cucumbers aroused great interest. University rector, professor Baurzhan Yerdembekov said that university scientists are implementing large social projects. To date, 7 research groups have won grants from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, 14 projects are funded by the university.

### ҚАЗАҚТЫҢ ЕҢ ЖАС КОМПОЗИТОРЫ 13-ТЕ

13 жасар қазақ композиторы, Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектебінің 9 класс оқушысы Нұрәлі Бейсеқожаның шығармалары 200-ден асты. Ол үйдегі пианиноға төрт жасынан бастап отырған. Нотаны білмесе де ұнатқан мультфильмдері мен кинолардың музыкасын салып ойнайтын болған. Өке-шешесінің өнерге қатысы жоқ, дегенмен ұлдарын музыкалық аспаптар үйренуге баулыған. Нұрәлінің үлкен бауырлары Нұрсәт пен Ғаламат та музыканттар. Нұрәлі қазір Алматыдағы Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектепте скрипка аспабы бойынша білім алады. Алғашқы «Анашым» туындысын 5 жасында анасына арнап шығарған. «Балалық шақ», «Қыс», «Күз», «Махаббат», «Өмір-өзен» шығармалары арқылы танымал болды. Бала композитордың негізгі тақырыптары табиғат жайлы, махаббат, ата-ана, достық, адамның жан дүниесіне қатысты толғаулар. Ковид вирусының әлемдік пандемиясы кезіндегі жан құзелісінен шыққан «Соғыссыз әлем», «Үміт сәулесі», «Шипа» шығармалары да көп көңілінен шықты.

Ол қазір ағасы, Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның 1-курс студенті Ғаламатпен бірге қосылып, фольклор мен классиканы біріктіріп, домбыра мен пианинода тамаша туындыларды орындап жүр. Нұрәлінің «Үміт сәулесі» мен «Ұмытпа» атты шығармаларына бейнебаян түсірілген.

Нұрәлі Бейсеқожа алты ағайынды, ол 4 ұлдың кішісі, одан кейін екі қарындасы өсіп жатыр. Өкесі жеке кәсіпкер, анасының мамандығы — медбике, бірақ үй шаруасымен ай-



налысып, балаларына қарап отыр. Осы кезге дейін өкесі біраз қаражатын жұмсап, ұлының өнеріне қолдау беріп, еңбек еткен. Бірақ, денсаулығы сыр беріп, шет елде емделіп жүр екен. Сондықтан, Нұрәлі Бейсеқожаның өнерін демейтін меценаттар қажет. Ол әзірге туындыларын инстаграм парақшасына жүктейді. Оның жақында шығарған «Ата-ана» вальсын тыңдаушылар жылы қабылдады.

### САМОМУ МОЛОДОМУ КАЗАХСТАНСКОМУ КОМПОЗИТОРУ 13 ЛЕТ

На счету у 13-летнего казахстанского композитора, ученика 9 класса музыкальной школы имени Ахмета Жубанова Нурали Бейсекожа уже больше 200 произведений. С четырех лет он начал играть на фортепиано дома. Мальчик не знал нот, но играл музыку из своих любимых мультфильмов и фильмов. Его родители

не имеют отношения к искусству, зато привили тягу своих сыновей к игре на музыкальных инструментах. Старшие братья Нурали - Нурсат и Ғаламат тоже музыканты. В настоящее время Нурали учится игре на скрипке в музыкальной школе имени Ахмета Жубанова в Алматы. Первую работу «Анашым» он сочинил в 5 лет для своей мамы. Известность получил через произведения «Детство», «Зима», «Осень», «Любовь», «Река жизни». Основные темы детского композитора - мысли о природе, любви, родителях, дружбе, душе человека. Большую популярность получили работы «Мир без войны», «Луч надежды», «Исцеление», которые мальчик сочинил в переживаниях из-за пандемии вируса COVID-19. Вместе с братом Ғаламатом, студентом первого курса Национальной консерватории Курмангазы, начали сочетать фольклор и классику, играя вместе на домбре и фортепиано. На произведения Нурали «Луч надежды» и «Забьть» были сняты клипы. У Нурали Бейсекожа шесть братьев, он младший из четырех сыновей, а затем идут две сестры. Его отец предприниматель, а мать - медсестра, сейчас домохозяйка - заботится о своих детях. До сих пор отец вложил много средств, поддерживая творчество сына. Однако сейчас его здоровье ухудшилось, потребовалось лечение за границей. Поэтом юному композитору нужны меценаты. Пока он выкладывает свои работы в Instagram. Его недавно вышедший вальс «Родители» был тепло принят публикой.

### THE YOUNGEST KAZAKH COMPOSER IS 13 YEARS OLD

Nurali Beysekozha, a 13-year-old Kazakh composer, a 9th grade

student of the Akhmet Zhubanov Music School, has already recorded more than 200 works. At the age of four, he began playing the piano at home. The boy did not know the music, but he played music from his favorite cartoons and films. His parents have nothing to do with art, but instilled in their sons a craving for playing musical instruments. Nurali's older brothers, Nursat and Galamat, are also musicians. Nurali is currently studying violin at the Akhmet Zhubanov Music School in Almaty. He composed his first work «Anashym» at the age of 5 for his mother. He gained fame through the works «Childhood», «Winter», «Autumn», «Love», «River of Life». The main themes of the children's composer are thoughts about nature, love, parents, friendship, the human soul. The works «A World Without War», «Ray of Hope», «Healing», which the boy composed in his feelings of the COVID-19 virus pandemic, received great popularity. Together with his brother Galamat, a first year student at the Kurmanzazy National Conservatory, they began to combine folklore and classics, playing dombra and piano together. Clips were shot for Nurali's works «Ray of Hope» and «Forget». Nurali Beysekozha has six brothers, he is the youngest of four sons, two younger sisters are growing up. His father is an entrepreneur, and his mother, a nurse, now a housewife, takes care of her children. Until now, the father has invested a lot in supporting his son's work. However, now his health has deteriorated and he required medical treatment abroad. Therefore, the young composer needs patrons of art. While he posts his work on Instagram. His recently released waltz «Parents» was warmly received by the public.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news

«ЕР ЕДИГЕ» ЖЫРЫ  
МУЗЫКАЛЫҚ АЛЬБОМ  
БОЛЫП ШЫҚТЫ

«Er Edige» жырының альбом -дискісінің тұсаукесер рәсімі Астана Ұлттық кітапханасында және Ақтөбедегі Zhubanov University М.Арын атындағы оқу ғимаратында өткізілді. Edige батыр жырына 600 жыл толып отыр. Альбом-дискінің әзірленуіне 40-тан астам еліміздің белгілі жыршылары қатысты. Ел аузында жүрген жыр-дастандар жинақталып, таспаға түсірілді.

Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешев «Er Edige жыры» музыкалық альбомының шығуы елдің ұлттық музыка саласындағы елеулі оқиға екенін айтты.

Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбетов «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихты зерделуе мен ұлғаларды жастарға насихаттау әрі қарай жүзеге аса беретінін айтты.

«Er Edige» эпосы бүкіл түркі халқына ортақ шығарма. Edige (1352-1419 ж.ж.) – XIV ғасыр мен XV ғасырдың бас кезіндегі өмірші, түменбасы. Ноғай Ордасының негізін қалаушы. Моңғолдың Маңғыт руынан шыққан (маңғыт-қазіргі қарақалпақ руы). Балтычактың баласы. Аңыз бойынша ноғай әулиесі Баба Түкті Шашты Әзіздің шөбересі болады. Әкесі мен үлкен ағасы Иса Орыс ханға қызмет еткен, ал Edige белгісіз себептермен қашып кеткен. Орыс ханнан құтылмақшы болған жас Тоқтамыс екеуі Темірланның сарайына келіп, осы жерде әскери қызмет атқарады. Edigenің апасы Темірланның жұбайы болады. 1391 жылы Темірланның Тоқтамысқа қарсы әскери шабуыл кезінде Edige өмірші (қолбасшы) болады. Тоқтамысты жеңгеннен кейін Edige Темір Құтлық оғланмен және басқа Ақорда әмірі Күнші оғланмен бірге елге барып, Темірланның әскеріне адам жинаймыз деп сылтаумен кетіп қалды. Оларға сенген Темірлан елдеріне жібереді, алайда олар өз елдерінде өздерінің саясатын құра бастайды, тек Күнші оғлан ғана қайтып келді. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша «Edige батыр» жыры – халық ауыз әдебиетінің шығармасынан жазылып алына бастағанына екі ғасырға жуық уақыт өткен. Эпостың қазақ, ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ тіліндегі нұсқалары кейде толық, енді бірде үзінді түрінде жарияланып келе жатқанына да ғасырдың жүзі болды. Ал жырдың мазмұны мен көркемдік бітімі жайында арнайы зерттеулер мен мақалалардың өзі үлкен шоғыр. Жыр көне араб әліпбиен жазылған. Көлемі 42 бет. Шығыс Уәлиханұлының XIX ғасырдың қыркыншы жылдарында бірнеше қайта жаздырылып алып, кейін Шоканның қатысуымен біріктіліп, бір тұтас дүние етіп көшірілген түпнұсқа. Шокан Уәлиханов қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған мол ғылыми, әдеби мұрасын реттеп, баспаға дайындау үстінде Шоканның досы, профессор П.М. Мелиоранский осы тексті кездестірді. Мұны 1904 жылы Н.И. Веселовскийдің редакциясымен басылып шыққан Шокан шығармаларының ішіндегі баспа бетін тұңғыш көрген орысша текстімен мұқият салыстырып зерттеді. Бертін келе қазақша түпнұсқаны еш өзгеріссіз, редакциялаусыз баспаға өзі әзірлеп берді. Санкт-Петербургта 1905 жылы жеке кітапша болып шығады. Қазіргі күні «Edige» жырының қырықтан астам нұсқасы бар. Олардың кейбіреулерінің көлемі он бес-он алты мың жолға жетеді. «Edige би», «Edige мырза», «Мырза Edige» деп аталатын жыр батырлық жырлардың ішіндегі ең көне туындының бірі. Оның үстіне прогрессивтік бағыттағы орыс ғалымдарының, саяхатшыларының назарына ертерек ілініп қағаз бетіне түскен, әсіресе XIX ғасырда бері қарай жиі-жиі жарияланып келген шығарма. «Edige» жыры қазақтарда ғана емес, түркі тілдес халықтардың біразында кездеседі. Әсіресе қарақалпақ, ноғай, башқұрт, сібір және қырым татарларында көптеген нұсқалары бар екені жайында мәліметтер табылып отыр. Жырдың нұсқалары, жазбалары көп десек те шығарма мазмұнының (сюжет желісінің) негізгі қызығы бір. Бұл жыр қазіргі заманға әртүрлі нұсқамен жетті. Ш.Уәлиханов нұсқасы - 1400 жол, ноғай нұсқасы - 1500 жол, башқұрт нұсқасы - 5000 жол, татар нұсқасы - 7000 жол, қарақалпақстандық Өтенияз жырау нұсқасы -13 680, қарақалпақстандық Қияс жырау нұсқасы -16 296 жол, Нұртуған Кенжеғұлұлының нұсқасы - 5200 жол. «Er Edige» музыкалық альбомы Нұр-Сұлтан қала-

сының кітапханалары мен бірқатар оқу орындарына тапсырылды. Әзірге жинақталған альбом 500 данамен жарыққа шықты.

ВЫПУСТИЛИ МУЗЫКАЛЬНЫЙ  
АЛЬБОМ ЖЫРА «ЕР ЕДИГЕ»

Презентация альбома-диска жыра «Er Edige» прошла в Национальной библиотеке Астаны и в учебном корпусе имени М. Арына Zhubanov University в Актобе. Жыру Edige Батыра 600 лет. В разработке альбома-диска приняли участие более 40 известных традиционных исполнителей страны. В сборник вошли популярные народные песни. Вице-министр культуры и спорта Нургиса Дәуешев отметил, что выпуск музыкального альбома «Er Edige жыры» является значимым событием в области национальной музыки. Заместитель акима Актобинской области Мейрамбек Шермағамбетов рассказал, что изучение истории и популяризация великих личностей среди молодежи будет продолжена в рамках программы «Духовное возрождение». Эпос «Er Edige» - общее для всех тюркских народов произведение. Edige (1352-1419) был правителем XIV - начала XV веков. Основал Ногайскую Орду. Он выходец ру мангыт в Монголии (мангыт - современное каракалпакское ру). Сын Балтычака. По легенде, внук Бабы Тукты Шашты Азиза. Его отец и старший брат Иса служили русскому хану, а Edige сбежал по неизвестным причинам. Он и молодой Тоқтамыс, желавшие избавиться от русского управления, приехали во дворец Темирлана и служили в его армии. Сестра Edige была женой Темирлана. В 1391 году при военном нападении Темирлана на Тоқтамыса, Edige стал полководцем. После разгрома Тоқтамыса Edige покинул страну вместе с Темиром Кутлык оғланом и другим эмиром Ақорды, Кунши оғланом, под предлогом сборов в армию Темирлана. Поверивший им Темирлан, отпустил их, но они начали формулировать свою политику на своих землях, вернулись только Кунши оғлан. По мнению исследователей, песня «Edige батыр» - фольклорное произведение, которое начали записывать почти двести лет назад. Прошло столетие с тех пор, как были опубликованы казахские, ногайские, татарские, башкирские и каракалпакские версии эпоса, некоторые полностью, а некоторые в отрывках. О содержании и художественном смысле жыра много специальных исследований и статей. Песня записана на древне-арабском языке. Объем - 42 страницы. Вариант Чингиза Валиханова несколько раз переписывался в 1840-х годах, а затем редактирован Шоканом и является оригиналом жыра. После смерти Шокана Валиханова, оставленное им богатое научное и литературное наследие собрал и готовил к публикации друг Шокана, профессор П.М. Мелиоранский. Именно тогда он наткнулся на этот текст. Он внимательно сравнил печатную страницу сборника сочинений Шокана, выпущенный в 1904 году под редакцией Н.И.Веселовского, с русским текстом, который он впервые увидел. Позже лично подготовил казахский оригинал к публикации без правок. Отдельный сборник поэмы был издан в Санкт-Петербурге в 1905 г. На сегодняшний день существует более сорока версий песни «Edige». Некоторые из них достигают пятнадцати-шестнадцати тысяч строк.

Поэма «Edige би», «Edige мырза», «Мырза Edige» - один из древнейших произведений из всех воспевających героизм батыров. Жыр начал записываться из уст народа русскими учеными и путешественниками, является наиболее часто публикуемой поэмой XIX века.

Поэма «Edige» встречается не только у казахов, но и у некоторых тюркоязычных народов. У каракалпакских, ногайских, башкирских, сибирских и крымских татар существует множество версий. У каждого из них одна сюжетная линия. Жырау дошел до наших дней в разных вариантах. Версия Ш. Валиханова - 1400 строк, ногайская версия - 1500 строк, башкирская версия - 5000 строк, татарская версия - 7000 строк, каракалпакская версия Утенияз жырау - 13 680 строк, каракалпакская версия Кияса жырау - 16 296 строк, версия Нуртуғана Кенжеғұлұлы - 5200 строк. Музыкальный альбом «Er Edige» передан библиотекам и ряду учебных заведений Нур-Султана. Пока альбом выпущен тиражом 500 экземпляров.

RELEASED THE MUSIC  
ALBUM «ER EDIGE»

The presentation of the album-disk of fat «Er Edige» took place in the National Library of Astana and in the educational building named after M. Aryn Zhubanov University in Aktobe. Zhyr Edige Batyr is 600 years old. More than 40 famous traditional performers of the country took part in the development of the album-disc. The collection includes popular folk songs. Vice Minister of Culture and Sports Nurgisa Daveshev noted that the release of the musical album «Er Edige Zhyru» is a significant event in the field of national music. Deputy Akim of Aktobe region Meyrambek Shermagambetov said that the study of history and the popularization of great personalities among young people will continue as part of the «Spiritual Revival» program. The epic «Er Edige» is a work common to all Turkic peoples. Edige (1352-1419) was the ruler of the 14th - early 15th centuries. He founded the Nogai Horde. He is a native of the mangyt ru in Mongolia (mangyt is the modern Karakalpak ru). Baltychak's son. According to legend, the grandson of Baba Tukta Shashty Aziz. His father and elder brother Isa served the Russian khan, and Edige fled for unknown reasons. He and the young Toktamys, who wanted to get rid of the Russian government, came to Temirlan's palace and served in his army. Sister Edige was Temirlan's wife. In 1391, during Temirlan's military attack on Toktamys, Edige became a commander. After the defeat of Toktamys, Edige left the country together with Temir Kutyk oylan and another emir of Akorda, Kunshi oylan, under the pretext of training in Temirlan's army. Temirlan, who believed them, let them go, but they began to formulate their policy on their lands, only Kunshi oylan returned. According to researchers, the song «Edige Batyr» is a folklore work that began to be recorded almost two hundred years ago. A century has passed since the Kazakh, Nogai, Tatar, Bashkir and Karakalpak versions of the epic were published, some in full and some in fragments. There are many special studies and articles about the content and artistic meaning of fat. The song is recorded in ancient Arabic. The volume is 42 pages. Chingiz Valikhanov's version was rewritten several times in the 1840s and then edited by Shokan. After Shokan Valikhanov's death, the rich scientific and literary heritage left by him was collected and prepared for publication by Shokan's friend, Professor P.M. Melioransky. It was then that he came across this text. He carefully compared the printed page of the collection of works by Shokan, published in 1904 under the editorship of N.I. Veselovsky, with the Russian text that he first saw. Later I personally prepared the Kazakh original for publication without edits. A separate collection of the poem was published in St. Petersburg in 1905. Today there are more than forty versions of the song. Some of them are fifteen to sixteen thousand lines long. The poem «Edige bi», «Edige myrza», «Myrza Edige» is one of the most ancient works of the heroism of the batyrs. Zhyr began to be written down from the lips of the people by Russian scientists and travelers, and is the most frequently published poem of the 19th century. The poem «Edige» is found not only among the Kazakhs, but also among some Turkic-speaking peoples. The Karakalpak, Nogai, Bashkir, Siberian and Crimean Tatars have many versions. Each of them has one storyline. Zhyrau has survived to this day in different versions. Each of them has one storyline. Zhyrau has survived to this day in different versions. Sh. Valikhanov's version - 1400 lines, Nogai version - 1500 lines, Bashkir version - 5000 lines, Tatar version - 7000 lines, Karakalpak version of Uteniyaz zhyrau - 13 680 lines, Karakalpak version of Kiyas zhyrau - 16 296 lines, Nurtugan Kenzhegululy's version - 5200 lines ... The musical album «Er Edige» was handed over to libraries and a number of educational institutions of Nur-Sultan. So far, the album has been released with a circulation of 500 copies.

Жаңалықтарды дайындаған  
Айерке Сұлтанбекова

☑ Student kitchen

# Фаршированный картофель

## Ингредиенты:

Картофель  
Фарш  
Лук  
Соль  
Чёрный молотый перец

## Для соуса:

Топленое или  
подсолнечное масло  
Лук  
Морковь  
Томатная паста  
Вода  
Чеснок  
Соль, специи по вкусу  
Зелень

## Рецепт:

Картофель очищаем, промываем, удаляем сердцевину и начиняем фаршем. Для фарша смешиваем мелко нарезанный лук, соль, чёрный молотый перец.

Готовим соус. Обжариваем лук до золотистого цвета и морковь.

Добавляем томатную пасту или перетёртые помидоры, обжариваем пару минут.

Выкладываем картофель и заливаем водой, чтобы вода немного покрывала картофель. После закипания варим на медленном огне до готовности картофеля. Добавляем измельчённые чеснок и зелень.

Вкусное и сочное блюдо готово. Приятного аппетита!

Подготовила  
Айерке Султанбекова



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University  
облыстық ақпараттық-  
танымдық газеті

### Меншік иесі:

ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік университеті»  
коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы-ректор м.а  
Рахым Бекназаров

Бас редактор  
Гүлнара Қараша

Аудармашы  
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:  
Айгерім Нуршина

Фотограф:  
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:  
030000, Ақтөбе қаласы,  
Гришин көшесі, 7 «А»  
337 бөлме

E-mail:  
gazetaZhU@mail.ru  
Сайт: www.arsu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана